



# ЖЕТІСУ ШУВЫМАСЫ

№24 (8912)  
жұма 17 маусым  
2022 жыл

Eskeldi\_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

◆ KÜLTÖBE

**Ақорда резиденциясында бес мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.**

Сенім грамоталарын Вьетнам елшісі Тхай Ныы Май Фам, Португалия елшісі Мария де Фатима Велез де Андраде Мендеш, Армения елшісі Армен Гевондян, Чили елшісі Эдуардо Эксобар Марин, Жаңа Зеландия елшісі Сара Мари Уолш тапсырды.

Мемлекет басшысы елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми басталуымен құттықтап, еліміздегі игі міндеттерін орындау барысында оларға Президент Әкімшілігі мен Қазақстан Үкіметі тарапы жан-жақты қолдау көрсететінін және көмектесетінін айтты.

Қазақстан Президенті Вьетнаммен арадағы тығыз ынтымақтастықты дамыту Азия-Тынық мұхиты кеңістігіне, соның ішінде Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясына мүше мемлекеттерге (АСЕАН) қатысты Қазақстанның сыртқы саясатының ажырамас бөлшегі екенін атап өтті.

– Қазақстан Вьетнаммен арадағы саяси диалогты және сауда-инвестициялық байланысты кеңейтуге мүдделі. Вьетнам Президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапары екіжақты серіктестіктің ұзақмерзімді жан-жақты жол картасын әзірлеуге мүмкіндік береді деп санаймын. Оның сапары Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі

## ПРЕЗИДЕНТ Қ.ТОҚАЕВ ЕЛШІЛЕРДЕН СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ



кеңестің елордада өтетін алдағы саммитімен тұспа-тұс келеді деп үміттенеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Португалияны және Еуропа одағындағы

сенімді серіктесі санайтынын айтты.

– Көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, жаңартылатын қуат көздері, жаңа технологиялар, мәдениет және туризм салаларындағы

ықпалдастықты нығайту үшін әлеует жеткілікті. Бұл бағыттағы ынтымақтастықтың дамуы Португалия Президентінің Қазақстанға ресми сапарын ұйымдастыру үшін жақсы негіз болады, – деді Мемлекет

басшысы.

Қазақстан Президенті еліміздің ТМД кеңістігіндегі негізгі серіктестерінің бірі – Армениямен арадағы көпжылдық ынтымақтастыққа баса мән беретінін атап өтті.

– Біздің екіжақты қарым-қатынасымыз терең тарихи байланыстарға негізделген. Оңтүстік Кавказдың стратегиялық маңызды өңірінде бейбітшіліктің тұрақты болуы және оның өркендеуі біздің көпжылдық екіжақты және көпжақты серіктестігімізді одан әрі нығайтатынына сенімдімін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Чилимен арадағы екіжақты ықпалдастықтың дамуына көңілі толатынын білдіріп, оны жаңа деңгейге көтеру перспективаларына назар аударды.

– Біз Чилидің мыс алпауыты CODELCO корпорациясының қазақстандық компаниялармен стратегиялық серіктестік орнатуға деген орнықты ниетін құлтаймыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Зеландиямен арадағы екіжақты қарым-қатынасқа назар аудара отырып, оның өзара сенім мен мызғымас достыққа негізделгенін атап өтті.

– Қазақстан Жаңа Зеландия Үкіметімен ынтымақтастық орнатуға, жалпы тасымал жүйесі мен экономикалық орнықтылықты нығайту үшін өзара сауда-саттықты және инвестицияны кеңейтуге мүдделі, – деді Президент.

Жиын соңында Мемлекет басшысы дипломаттарға табыс тілеп, олардың елдерінің көшбасшыларына жүрекжарды сәлемін жолдады.



## «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕЛЕРІНЕ ІЛТИПАТ БІЛДІРДІ

◆ ORAM

**Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Тәуелсіз еліміз қанатын кере жайып, ел мәдениеті өркендеген қазіргі заманда тек білімді жастар ғана ұлтмызды асқақ, елімізді көкке көтереді. Қоғамның негізгі өзегі – жастар. Қазақстанның болашағы жастар еншісінде екенін ескерсеқ, сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені анық. Саналы қоғамда білімді азаматтармен бірлесіп өмір сүрген жастар өз бойында білімге деген құштарлық пен ізгі сезімдерді қалыптастыратыны сөзсіз.**

Осы орайда аудан әкімі Р.Али аудандық мәдениет үйінде биыл ғана мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан «Алтын белгі» төсбелгісінің иегерлерімен жүздесіп, оларға ізгі тілегін жеткізді. Жиынға оқушылар, білім саласының қызметкерлері мен ата-аналар қатысты. Аудан басшысы білімге құштар ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарға да алғаусыз алғысын жеткізді.

– «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім», - деп ұлы жазушымыз М. Әуезов айтқандай, елімізді өркендетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Мектептегі білім - барша әлем тыныс – тіршілігінің алғашқы іргетасы.

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады. Ертең осы елге ие болып тізінің ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушысы болғандықтан қазақстандық барлық мектептерге бүгінгі жайы, даму бағыты мемлекеттің назарында. Сапалы білім, саналы тәрбие беру әр ұстаздың алға қойған міндеті болса, өз ісінің білімді, өнегелі азаматы болу – әр оқушының міндеті. Бүгінгі «Алтын белгі» иемденіп отырған әрбір түлек еліміздің жарқын болашағы деп білемін. Бүгінгі оқушы қандай болса – келешегіміз сондай болмақ. Демек, бүгінгі оқушылардың деңгейі мен біліміне қарап, болашақтың баянды боларына сенемін, - деді аудан әкімі.

Мұнан соң аудан басшысы «Алтын белгі» иегерлерін марапаттап, ілтипат білдірді. Биыл аудандағы 30 мектептен 480 оқушы түлеп ұшуда. Оның 16-сы айтулы белгіні иемденіп отыр. Бұл жаман нәтиже емес. Әкімнің марапатынан соң сахна төрінде «Алтын белгі» иесі ұстаздарға, аудан атқамінерлеріне, білім саласының қызметкерлеріне тіршілік кемесін өмір мұхитына бағыттау барысындағы жүрекжарды лебізін білдірді. Үздік танылған ата-аналар да мінберде сөйлеп, баласының жарқын болашаққа қадам басу сәтінде ел ағаларына алғаусыз алғыс айтты. Шара соңы көңілді ән, күмбір күй, керемет биге ұласып, жиынға қатысушылар шадыман күймен тарқасты.

◆ BÄREKELDI



## АУДАН МЕРЕЙІН ӘКІМДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АСҚАҚТАТТЫ

**Жуырда Жетісу топырағында мемлекеттік қызметшілер күніне орай дәстүрлі спартакиада жалауын желбіретті. Кіл мықтыда кім мықтыны анықтаған айтулы аламанда аудан сайыпқырандарын аудан әкімі өзі бастап барды. Алматы облысының мемлекеттік қызметшілері арасында XIV спартакиаданың ұйымдастырушылары ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы еді.**

«Жастар» спорт кешенінде өткен аламанда ескелділіктер қарап қалмады. Мәселен, тас және таяқ ойынында ауданның саңлақтары жеңісті қолдан бермеді. Бұл ретте бильярдтан аудан әкімінің орынбасары Елдос Ахметов, кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Серік Төлепбергенов және мониторинг және ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы Шариф Темірғалиев үздік ойын көрсетіп, турнирдің жеңімпазы атанды.

Ұлттық ойыннан да ауданның мемлекеттік қызметшілері осал түспеді. Мәселен, ұлттық арифметиканың өзегі саналатын тоғыз құмалақтан біздің жігіттер тұғырлы үшінші орыннан табылды. Ал, аяқ добында ескелділіктер шашаына шаң жұттырмады. Аудан әкімі Рустам Али бастап, аудан әкімі аппаратының басшысы Жандос Жолдыханов, аудан әкімінің орынбасары Болат Тулақбаев, Төленгіт ауылдық округінің әкімі Алмас Шаихов, жалпы және қаржы-шаруашылық бөлімінің басшысы

Ринат Бекболғанов, Бақтыбай ауылдық округі әкімдігінің бас маманы Әмір Бекбосынов, ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Амир Бекбосынов, аудан әкімі Болат Дәурен, ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Асхат Оразалинов, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Асхат Бейсбаев қоспа барған құрама ақтық сында Еңбекшіқазақ ауданының сайыпқырандарын сан соқтырды. Әмір Бекбосынов сәтті шығарылған пастың нәтижесінде қарсыластардың қақпасынан осал тұс тапты. Қорытынды есеп 4:3. Осылайша халыққа қызмет етушілердің аламанында ала доп тебуден ауданымыз үздік танылды. Турнир суға жүзуден сайысқа ұласты. Спорт десе ішкелі отырған асын қоятын біздің жігіттер бұл жолы да қапы қалмады. Аудан басшысы Рустам Али 50 метр қашықтықты арқамен жүзуде қарсылас шақ келтірмей, тұғырдан көрінсе, еркін жүзу тәсілі бойынша аудан әкімі аппаратының бас инспекторы Данияр Кеңесбаев күміс жүлдеге ие болды. Бәрекедіден басталған аламанның тағы бір жүлдесін Қарабұлақ ауылдық округі әкімдігінің жетекші маманы Айнұр Ағыбаева қоржынға салды. Бұл жолы Айнұр үстел теннисінен бақ сынап, қола жүлдені місе тұтты. Есесіне, «MI BATTLE» интеллектуалдық ойынында аудан құрамасы қарсылас шақ келтірмей, басты бәйгені еншіледі. Ауданның мемлекеттік қызметшілерін айтулы жеңістерімен құттықтаймыз. Абыройды қолдан бермеу – ел һәм жер үшін туған ерлердің ісі. Жеңіс тұғырынан төмендемеңіздер.

«ЖШ»-ақпарат

**Мемлекеттік қызметшілердің оң бейнесін қалыптастыру мен нығайту – мемлекеттік жүйені дамытудың басым бағыттарының бірі. Ал мемлекеттік қызметшілердің оң бейнесіне қойылатын негізгі талаптар «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29-желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде анықталған.**

Онда «мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды» деп тайға таңба басқандай көрсетілген. Сонымен қатар осы Әдеп кодексінде Ата Заңға, 2015 жылғы 23-қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» және 2015 жылғы 18-қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарға сәйкес, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормалармен мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ олардың тәртіптерінің базалық стандарты белгіленеді. Ол мемлекеттік органдарға қоғамның сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынаста жоғары мәдениетті қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз қылықтарының алдын алуға бағытталған. Мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі және қызметтік әдеп мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22-ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді. Жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негіз болады. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтің әдептік қағидадары айқындалды – адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану. Кодекстің жаңа редакциясында «клиентке бағдарланған» мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және Мемлекеттік қызметтерді көрсетуде ашықтық қағидадарын сақтау бойынша басым талаптар қарастырылған. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары мен Әдеп жөніндегі кеңестер туралы ережеге өзгерістер енгізілді. Тәртіптік жаза қолдану

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ МОРАЛЬДЫҚ-ӘДЕПТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ



қағидаларында қызметтік тергеп-тексеру, тәртіптік комиссия материалдарын қарау тәртібі және тәртіптік комиссияның ұсынымы бойынша уәкілетті адамның шешім қабылдау мерзімдері нақтыланды. Әрине, мемлекеттік қызметші болу – үлкен абырой, бірақ кәсіби тәжірибемен қатар жоғары адамгершілік қасиеттерге ие болу да өте маңызды. Әсіресе, қазіргідей жаңа ақпараттық технологиялар жағдайында және БАҚ-тардың бостандығында. Мемлекеттік қызметші атанудан үміткер адамдар халықтың алдындағы жауапкершілік жүгін анық сезінуі үшін ең әуелі өзінің моральдық-әдептік құндылықтарын дамытуға күш салуы керек. Өйткені Әдеп кодексіндегі талаптарды сақтау – олардың қызметтік парызы, ал бұзуы ҚР заңнамасымен қарастырылған жауапкершілікке әкеліп соғады. Мемлекеттік қызметшілердің әдептілік тәртібі және олардың өз міндеттеріне қатысты әділеттілік деңгейі жалпы қоғам жағдайының, ондағы сыбайлас жемқорлық деңгейінің, инвестициялық ахуал жағдайының және т.б. маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі функцияларына мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау, мемлекеттік қызмет туралы заңдарына түсіндірме және кеңес беру, сыбайлас жемқорлық

құқық бұзушылықтардың алдын алу және ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру жататыны. Алайда бұл жауапкершілік жүгін арқалау оңай шаруа емес. Ол үшін өмірлік мол тәжірибе қажет-ақ. Мемлекеттік қызметшінің моральдық-әдептік құндылықтарын дамыту арқылы оның оң имиджін қалыптастыру идеологиялық, саяси және мәдени аспектілерді қарастырады. Мемлекеттік қызметшінің кәсіби шебер болуы жеткіліксіз. Оның тартымды, әлеуметтік топтардың көпшілігіне қолайлы бейнесі болуы қажет. Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің бейнесі - ең алдымен билік органдарында жұмыс істейтін лауазымды тұлғалардың мінездемелерінен, олардың образдарын тікелей және жанама құрастырушы факторлардан қалыптасады. Оның қалыптасуы - күрделі және ұзақ үрдіс. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы мен тәртібі әрдайым ашық. Оның бейнесі - мемлекет бейнесінің бір бөлігі. Мемлекеттік қызметшілердің, жалпы мемлекеттік органдар басшыларының жұмысы бойынша биліктің пәрменділігі, олардың қарапайым халықтың мұны мен мұқтажына жауап бере білу деңгейі бағаланады. Мемлекеттік қызметшілерге жүктелетін жоғары жауапкершілік осыдан туындайды. Мемлекеттік қызметшінің бейнесі адамның сыртқы келбетімен қатар

оның ішкі мазмұны мен психологиялық түрінен құралады; ол уақыт пен қоғамның талабына сай келеді. Өлбетте, ішкі философия сыртқы келбетіне, мінез-құлығына және әріптестерімен қарым-қатынасына әсер етеді. Жағымсыз бейне, өз кезегінде, мемлекеттік билік пен халық арасындағы байланыс жүйесінде проблемалар, яғни мемлекет пен қоғам арасында проблема туындауы мен дамуына әсер етеді. Мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастырудың мақсаты билік құрылымдарының жұмысын тиімді ету емес, барлық азаматтарды оның жұмысының тиімді екендігіне сенімді ету болып табылады. Ал Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшінің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қоя отырып, қоғамның мемлекеттік қызметшіге сенімін жоғарылатуға бағытталған. Сондай-ақ онда мемлекеттік қызметшінің жүріп-тұруы, жұмыстан тыс уақытта, қызметтік жағдайда, халық алдында сөйлеу кезінде өзін-өзі ұстауы сияқты жалпы стандарттар белгіленген. Қоғаммен қатынас кезінде мемлекеттік қызметшінің сырт бейнесі мен моральдық құндылықтары да аз рөл атқармайды. Сол себепті қала әкімдігіндегі барлық кадрларға пара беру, сыйлық алу фактілерін болдырмауды, әлеуметтік желілерде сыни тұрғыдағы фотоларды

жарияламауды ұдайы ескерту қажет. Кез келген мемлекеттік қызметші мынадай міндеттерді сақтау қажет: Біріншіден, басшылар қол астындағы лауазымды тұлғалармен тәртіп бұзушылықты болдырмау мақсатында тұрақты түрде профилактикалық іс-шаралар жүргізуі тиіс. Екіншіден, жұмыстан тыс уақытта ішімдік ішкен ортада болуды шектеуі керек. Үшіншіден, киім кию үлгісін сақтау, жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау, соның ішінде сыйлықтарды қабылдамау. Жалпы, билік пен қоғамның байланысын нығайту екі бағытта жүргізілуі мүмкін. Бірінші, қоғам өзінің құндылықтары мен идеалдарын, моральдық нормаларын танытын билікті көргісі келеді. Сондықтан билік халықтың сенімінен шығуға ұмтылып жалпы құндылықтар мен идеалдарды ұстануы қажет. Екінші, билік өкілдері жай ғана жарқыраған кешбасшылар емес, қоғамда кең тараған дінді жақсы меңгерген, халықтың арасынан шыққан, оларға қол жетімді және биліктің дәлізінде олардың мүддесін жақтайтынын көрсетуі қажет. Билік құрылымдарының бейнесін жақсы жағына өзгерту, осы құрылымдарға деген көзқарасты да өзгертеді, мемлекеттік биліктің жұмысының тиімділігін арттырады. Әрине, бұл өзгерістер қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар, тұтас мемлекетке сенімін арттырады. Ал өз мемлекетіне сенімді азаматтар, оның болашағына да сеніммен қарап, өз елінің игілігін арттыруға бар күшін салады. Белгілі бір тәртіпсіз өмір сүру мүмкін емес, себебі егер қоғамда белгілі бір этика сақталмайтын болса, адамдардың арасында қарым-қатынас бұзылып кетуі мүмкін. Сондықтан әр қоғамда адамдардың тәртібін адами тұрғыда бақылайтын, теріс қылықтарды азайтатын белгілі бір нормалар жиынтығы құрылған. Мысалы, үлкендерге құрмет көрсету, қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау, адамдардың қызығушылықтарын балағаттамау және т.б. Этиканы сақтау өмірдің әр саласында әр түрлі. Соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің этикасы басты назарды аудартады. Мемлекеттік қызметкер әр түрлі қоғам мүшелерінің өкілдерімен жұмыс істейтіндіктен, аса үлкен дайындықпен қызмет атқару тиіс. Қызмет орнында өзін-өзі ұстай білу, сыртқы бейнесі мен киім үлгісі тәртіпке сай болуын қадағалау, қимыл-әрекеттерін әңгіме кезінде қолдана білу анық әрі түсінікті жүйелі түрде сөйлей білу - осылардың барлығы қызметкердің кәсіби этикалық құндылықтарына және жалпы қабылданған этика жүйелеріне жатады. Мемлекетке қызмет ету – қоғам мен мемлекеттің тарапынан ерекше сенімге иелену, моральдық-әдептілік талапқа сай келіп, еліміздің жарқын келешегін түзуге бар күш-жігерді жұмсау. Лайым осы бағытта аянбай, еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалының жақсаруына үлес қосайық!

**Ж.ЖОЛДЫХАНОВ**

**Ескелді ауданы өкімі аппаратының басшысы-Әдеп жөніндегі уәкілі**

## СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ҚАР БАРЫСЫН СУРЕТКЕ ТҮСІРДІ

**Елімізде сирек кездесетін әрі жойылып кету қаупі бар қар барысы «Алтын-Емел» ұлттық паркінде жақын жерден суретке түсірілді.**

«Алтын-Емел» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Ғылыми ақпарат және мониторинг бөлімінің басшысы Марғұлан Мұсабековтың айтуынша, суреттер 50 метрлік қашықтықтан түсірілген. – «Алтын-Емел» ұлттық табиғи паркінің аумағында барыстың тіршілік ететіні өткен ғасырдың ішінде айтылатын. Тек ел аузындағы әңгімелерден, «анау көріпті, мынау байқапты» деген сөздерден ілбістің бізде бар екенін білетінбіз, – деген Марғұлан Мұсабеков, қар барысының тіршілігін ғалымдар қазір бақылауға алғанын жеткізді. – Тек 2020 жылы фототүзаққа түсіп қалған барыстардың суреті көпшілік көңіліндегі күдікті сейілтті. Маусым айында Мыңбұлақ тауына арнайы тексеру жүргізген мемлекеттік ұлттық табиғи парктің қызметкерлері түнде суат басына келген қар барысын фотоға түсіріп алды. Ұлттық парктің қызметкерлері бұған дейін 3 қар барысының мойнына электронды қарғыбау тағып жіберіпті. Сол арқылы олардың жүріс-тұрысы бақыланып, жүрген жерлері анықталып отырады.



**М. ӘСЕТҰЛЫ**

## ҚОРҒА ТҮСКЕН ҚАРЖЫ

**Мамыр айында Жетісу және Алматы облыстарының тұрғындарынан Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 3,1 млрд теңге түскен**

2022 жылдың мамыр айында жаңа құрылған екі облыс тұрғындарынан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін 3,1 млрд теңге аударымдар мен жарналар түскен. Республика бойынша мамыр айында түскен жарналар сомасы 247,7 млрд теңгені құрады. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалының директоры Нұрлан Отарғалиев атап өткендей, мамыр айында тұрғындардан 1,7 млрд теңге аударымдар және 1,3 млрд теңге жарналар түскен. Өңірде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың арасында бірыңғай жиынтық төлем арқылы медициналық сақтандыруға төлейтіндерден Қорға мамыр айында 17,3 млн теңге түсті. Ал жарты жыл ішінде Қорға Жетісу және Алматы облыстарының тұрғындарынан барлығы 13,8 млрд теңге түсті. МӘМС-ке келіп түскен барлық қаражат, сенімгерлік басқару шарты бойынша Ұлттық банкте сақталады және кейіннен МӘМС шеңберінде көрсетілетін қызметтерді төлеуге жіберіледі.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалы**

## ЖЕМІС АҒАШТАРЫНЫҢ БАКТЕРИЯЛДЫ КҮЙІГІ

**Аудан көлемінде 256 гектар алмұрт және алма бағы бар. Алма бақтары негізінен Қаратал ауылдық округінде орналасқан, соңғы жылдары жеміс ағаштарының бактериялды күйік ауруы карантиндік нысан байқалуда, негізінен Алматы облысы аумағында 8 түрлі карантинді нысан болған. 2015 жылдан облыста алма ағашының бактериялды күйігіне 9 нысан болып тіркелді.**

Бактериялды күйік ауруы бақтарға үлкен қиыншылық туғызады. Жеміс ағаштарының бактериялды күйігі өте қауіпті жұқпалы ауру. Оның қауіпті саналатын себебі тез таралады және аурумен күресу өте қиын. Бактериялды күйік алма, алмұрт, долана, алхоры және тағы басқа 180-нен астам түрін зақымдайды. Зақымдалған ағаш күйік шалғандай түске енеді. Сондықтанда бактериялды күйік ауруы деп аталады. Ауру құрал-сайманмен, ыдыс арқылы және өсімдіктің вегетациялық кезеңінде жәндіктермен, суармалы сулармен таралады. Көктем ылғалды болса, бактерияның белсенділігі артады. Ауруға шалдыққан ағаш 1-3 жылда түгел жойылады. Алма бақтары бар шаруа қожалықтармен жеке аулаларда өсіп тұрған алма ағаштарға профилактикалық жұмыстарды міндетті түрде жүргізіп тұрған жөн. Көктем кезінде жаңадан отырғызылатын алма көшеттеріне амандандырылған заңды түрде тіркелген көшет өсіретін шаруашылықтан алған дұрыс. Өйткені бактериялды күйік ауруы алма ағаштарының көшеттерінен тараған деген болжам бар.

**Д.ИСКАКОВ, аудандық аумақтық өсімдіктер карантин инспекторы**

## «ЖЕТІСУ ШҰҒЫЛАСЫ»

# Qūjat

# ПРЕЗИДЕНТ ЖАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰРЫЛДЫ

***Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай құрылды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.***

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайды құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 20) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

3. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған:
1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай туралы ереже;
2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың құрамы бекітілсін.

3. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қ.Тоқаев,**

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Нұр-Сұлтан, Ақорда,**
**2022 жылғы 14 маусым № 930**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 930 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН**

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай туралы ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер
1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай (бұдан әрі – Ұлттық құрылтай) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.
2. Ұлттық құрылтай қызметінің негізгі мақсаты қоғамдық бірігуді одан әрі дамыту жөніндегі идеялар мен қадамдарды тұжырымдау болып табылады.
3. Ұлттық құрылтай өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.
4. Ұлттық құрылтайдың негізгі міндеттері
1. Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай құрылтайдың құндылықтарды ілгерілету және нығайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу;

жұртшылықтың, саяси партиялардың, үкіметтік емес сектор мен мемлекеттік органдардың өкілдері арасында сындарлы диалогты қамтамасыз ету;
өз құзыретінің шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру болып табылады.

3. Ұлттық құрылтайдың құрамы
5. Ұлттық құрылтай Ұлттық құрылтайдың Төрағасынан, оның екі орынбасарынан, мүшелерден және хатшыдан тұрады.
6. Қазақстан Республикасының Президенті Ұлттық құрылтайдың Төрағасы (бұдан әрі – Төраға) болып табылады.
7. Төраға:
Ұлттық құрылтайдың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
Қазақстан Республикасының отырыстарын өткізу орны мен уақытын айқындайды;
Төрағаның орынбасарларына, Ұлттық құрылтайдың мүшелеріне және хатшысына тапсырма береді.
8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ұлттық құрылтай Төрағасының орынбасары болып табылады, оның отырыстарының күн тәртібін бекітеді және Төрағаның тапсырмалары бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
9. Ұлттық құрылтайдың құрамы белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, саяси партиялар, үкіметтік емес сектор, бизнес-қауымдастықтар, сарапшылар қоғамдастығы және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қоғамдық кеңестері өкілдерінің қатарынан жасақталады. Ұлттық құрылтайдың құрамы кезең-кезеңмен, оның мүшелеріне ротация жүргізу тәртібімен жаңартылып тұрады.

10. Ұлттық құрылтайдың мүшелері:
Ұлттық құрылтайдың жұмыс органына Ұлттық құрылтайдың жұмыс жоспары, оның отырыстарының күн тәртібі және мәселелерді талқылау тәртібі жөнінде ұсыныстар енгізуге;
Ұлттық құрылтайдың отырыстарына материалдарды дайындауға қатысуға;
Ұлттық құрылтайдың отырысында қаралатын мәселелерді қоғамда талқылауға және түсіндіруге қатысуға құқылы.
Ұлттық құрылтайдың мүшелері өз өкілеттіктерін басқа адамдарға беруге құқылы емес.
11. Ұлттық құрылтайдың хатшысы:
жекелеген жұмыс түрлерін жүзеге асыру үшін сарапшыларды, ғалымдар мен мамандарды белгіленген тәртіппен тартады;
Ұлттық құрылтай отырыстарының дайындалуы мен өткізілуін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

Төрағаның және Төраға орынбасарларының тапсырмалары бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
4. Ұлттық құрылтайдың қызметін ұйымдастыру
12. Ұлттық құрылтайдың отырыстары қажеттігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

Егер Ұлттық құрылтайдың отырысына оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, оның құқықтық күші бар болып табылады.

13. Ұлттық құрылтайдың ұсынымдары мен ұсыныстары Төраға қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

14. Ұлттық құрылтайдың ұсынымдары мен ұсыныстарын алған мемлекеттік органдар, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер оларды қарайды және қабылданған шаралар туралы Ұлттық құрылтайды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабардар етеді.

15. Ұлттық құрылтайда талқыланатын мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелері мен Ұлттық құрылтайдың отырыстарында қабылданған ұсынымдар мен ұсыныстар жұртшылықтың назарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізіледі, сондай-ақ Интернет желісінде орналастырылады.

16. Ұлттық құрылтайдың отырыстарына Төрағаның шешімі бойынша Ұлттық құрылтайдың мүшелері болып табылмайтын лауазымды адамдар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылуы мүмкін.

5. Ұлттық құрылтайдың қызметін қамтамасыз ету

17. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ұлттық құрылтайдың жұмыс органы болып табылады.

18. Ұлттық құрылтайдың жұмыс органы:
Ұлттық құрылтай отырыстарының күн тәртібі мен бағдарламасының жобасын қалыптастырады;

Ұлттық құрылтайдың отырыстарына материалдарды, сондай-ақ хаттамалық ұсынымдар мен ұсыныстардың жобаларын дайындауды ұйымдастырады;
Ұлттық құрылтайдың мүшелеріне Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысының өтетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы хабарлайды, оларды қажетті материалдармен уақыты қамтамасыз етеді;

Ұлттық құрылтайдың қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды мемлекеттік органдар мен ұйымдардан сұратады және алады;

Ұлттық құрылтай қабылдаған ұсынымдар мен ұсыныстардың іске асырылу мониторингін жүзеге асырады;

Ұлттық құрылтай қызметінің шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды;
Ұлттық құрылтайдың қызметін қамтамасыз етуге қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 930 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН**

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың ҚҰРАМЫ**

Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы – Қазақстан Республикасының Президенті, төраға
Қарин Ерлан Тынымбайұлы – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, төрағаның орынбасары
Жексенбай Бибігүл Нұрғалиқызы – « Б а с редакторлар клубы») республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті, төрағаның орынбасары
Балаева Аида Ғалымқызы – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, хатшы

**Ұлттық құрылтайдың мүшелері:**

Ақылбай Серік Байсейітұлы – «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
Арыстанбеков Қайырбек Төлөндіұлы – Экономикалық саясат институтының президенті (келісім бойынша)
Әбенов Мұрат Абдуләмитұлы – «Серпін» ұлттық білім беру және инновация палатасының төрағасы (келісім бойынша)
Әміртаев Азаматхан Сайлауұлы – «Байтақ Болашақ» экологиялық альянсы») республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
Өлтеев Бауыржан Ілімшеұлы – Шымкент қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Шымкент қаласы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
Әскеров Эмин Халилұлы – «Green Tal» әлеуметтік шеберханасының басшысы, әлеуметтік кәсіпкерлік мектебінің әлеуметтік кәсіпкері (келісім бойынша)
Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы – ғарышкер, Халық қаһарманы (келісім бойынша)
Әшімбаев Данияр Рахманұлы – саясаттанушы (келісім бойынша)
Әшімжанов Жанарбек Садықанұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Байрамуқов Ислам Ильясович – еркін күрестен еңбек сіңірген спорт шебері (келісім бойынша)
Бапи Ермұрат Сейтқазыұлы – қоғам қайраткері, журналист (келісім бойынша)
Басин Вадим Борисович – Қазақстанның Еңбек Ері, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары (келісім бойынша)
Баталов Райымбек Әнуарұлы – «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы (келісім бойынша)
Башимов Марат Советұлы – Еуропалық құқық және адам құқықтары сарапшылық

институтының директоры, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселері жөніндегі комиссияның төрағасы (келісім бойынша)

Бөймаenov Әлихан Мұхамедияұлы – Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік халық басқарушы комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Бектаев Әли Әбдікәрімұлы – «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Бектұрғанов Серік Шыңғысұлы – Қостанай облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Бикебаев Айдын Жолшыұлы – Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы (келісім бойынша)

Бисенов Қылышбай Алдабергенұлы – Қызылорда облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (келісім бойынша)

Большерт Евгений Андреевич – «Возрождение» қазақстандық немістер бірлестігі» қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Борашов Раббын Байбозұлы – Маңғыстау облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, дара кәсіпкер (келісім бойынша)

Газдиева Белла Асланбековна – Ақмола облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Ақмола филиалының директоры (келісім бойынша)
Гаипов Зулфухар Сұлтанұлы – Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Көлік және коммуникациялар жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры (келісім бойынша)

Ғұбайдуллин Бауыржан Файзоллаұлы – Батыс Қазақстан облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (келісім бойынша)

Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы – Қазақстан фермерлер қауымдастығының төрағасы (келісім бойынша)

Дандығараева Бибігүл – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музей директорының орынбасары (келісім бойынша)

Дәуреталин Сатыбалды Телағысұлы – Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы (келісім бойынша)
Дәулетбаева Әйгерім Маратбекқызы – Жамбыл облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Жастар мүгедектер одағы» облыстық қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

Дементьева Наталья Григорьевна – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Русская община столиц» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

Досжанова Сәуле Мағазбекқызы – жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (келісім бойынша)

Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлы – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры (келісім бойынша)

Елгезек Ақбөрен – Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Ерниязова Айсұлу Әлімжанқызы – «Қазақстан волонтерлері лигасы» қоғамдық қорының төрағасы (келісім бойынша)
Ерсайынұлы Уайс– қоғам қайраткері, Ақтау қаласы мәслихатының депутаты (келісім бойынша)

Ертісбаев Ермұхамет Қабиденұлы – Қазақстан халық партиясының төрағасы (келісім бойынша)

Есім Ғарифолла Қабдыжайпарұлы – дінтанушы, философ, абайтанушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (келісім бойынша)

Жабағин Мақсат Қізатұлы – Ұлттық биотехнология орталығы адам генетикасы зертханасының меңгерушісі (келісім бойынша)
Жақанов Илья Жақанұлы – композитор, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (келісім бойынша)

Жаңыршин Еділ Терекбайұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Жұмадіпдаев Асқар Серқұлұлы – математик ғалым, мемлекет қайраткері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (келісім бойынша)

Жылқышиев Байдіпда – Түркістан облысы Қоғамдық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
Закарья Күнсұлу Дальтонқызы – Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры (келісім бойынша)

Избасов Максим Шафиұлы – Атырау облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, мұнай-газ кешенінің ардагері (келісім бойынша)
Илеуова Гүлмира Тоқшалықызы – «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының жетекшісі (келісім бойынша)

Кенжеханұлы Рауан – Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының атқарушы директоры (келісім бойынша)

Кривошеев Денис – журналист, экономикалық шолушы (келісім бойынша)

Күршібаев Ақылбек Қажығұлұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Қайдарова Дилара Радикқызы – Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры, Қазақстан

Республикасы онкологтары қауымдастығының президенті (келісім бойынша)

Қалиев Тағат Бегімұлы – Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының директоры, саясаттанушы (келісім бойынша)

Қамзабекұлы Диқан – филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі(келісім бойынша)

Қанай Гүлмира Әмірханқызы – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры (келісім бойынша)

Қаниев Берік Серәліұлы – «Lancaster Group Kazakhstan» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Қашқынбеков Арман Қайырберліұлы – Халықаралық қар барысы қорының директоры (келісім бойынша)

Қожахметова Ләззат Таймырқызы – Қарағанды облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Tal-besik» көпбалалы аналар одағы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі (келісім бойынша)

Қошанов Ерлан Жақанұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, «AMANAT» партиясы төрағасы және депутаттық фракциясының жетекшісі (келісім бойынша)

Қоянбаев Нұрлан Нұғманұлы – Қазақстан Республикасы Президенті Телерадиокешенінің креатив директоры (келісім бойынша)

Күлекеев Жаксыбек Әбдірахметұлы – Қолданбалы экономика зерттеулері орталығының ғылыми жетекшісі (келісім бойынша)

Кұлжанов Мақсұт Кәрімұлы – «Республикалық медициналық палата» қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Кұранбек Сәрсен – Қазақстан жепке-жек өнері қауымдастығының вице-президенті (келісім бойынша)

Кұрманәлиев Кәрімбек Арыстанбекұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі (келісім бойынша)

Кұттықадам Сейдахмет – қоғам қайраткері (келісім бойынша)

Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы – Халықаралық түркі академиясының президенті, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Лодочников Алексей Алексеевич – блогер, домбырашы-әнші (келісім бойынша)

Майгелдінов Қазбек Әмірзақұлы – «Қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Мамбетбай Қайрат Жолдыбайұлы – қоғам қайраткері, дінтанушы (келісім бойынша)
Мұрадов Ахмет Сейдахманович – «Вайнах» Қазақстан шешендері мен ингуштары қауымдастығының тең төрағасы (келісім бойынша)

Нурумов Шаймардан Усаинович – Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдени орталығының төрағасы (келісім бойынша)
Нұрғазиева Бану Ғаниқызы – Қазақстан Азаматтық альянсының президенті (келісім бойынша)

Нұржан Светқали Сабырғалиұлы – ақын, филолог (келісім бойынша)
Нұрмұхамедов Беріхан Жолбарысұлы – саясаттанушы (келісім бойынша)
Нұртаза Самат Русланұлы – саясаттанушы, блогер (келісім бойынша)

Оғай Сергей Геннадьевич – «Қазақстан корейлері қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

Омарбекова Жанат Әнуарбекқызы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан мүгедектер конфедерациясының төрағасы (келісім бойынша)

Омарова Айман Мұратқызы – адвокат, «Құлық қорғаушылар» қоғамдық қорының тең құрылтайшысы (келісім бойынша)

Орынбек Айгүл Сатбайқызы – құқық қорғаушы қайраткер (келісім бойынша)

Палинка Надежда Викторовна – «Азаттық рухы» агенттігінің тілшісі (келісім бойынша)

Перуашев Азат Тұрлыбекұлы – «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі фракция жетекшісі (келісім бойынша)

Пириев Аскер Аллавердиевич – «Ахысқа» түрік этномәдени орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Нұр-Сұлтан қаласы филиалының төрағасы (келісім бойынша)

Пулатов Шерзод Аббозович – Нұр-Сұлтан қаласы «Өзбек этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

Рау Альберт Павлович – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Рожин Максим Николаевич – журналист, блогер (келісім бойынша)

Рыпаков Денис Сергеевич – Шығыс Қазақстан облысы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, Шығыс Қазақстан облысы мәслихатының хатшысы (келісім бойынша)

Сабильянов Нұртай Салихұлы – қоғам қайраткері (келісім бойынша)

Саиров Ерлан Бияхметұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Салжанов Исламбек Төлеубекұлы – «Altyn Kugan» халықаралық қайырымдылық қорының президенті (келісім бойынша)

Сапарбекұлы Абзал – «Отандастар» қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)

Сарыбаев Серік Әбікенұлы – жазушы, тележурналист (келісім бойынша)

Сарым Айдос Әміроллаұлы – Қазақстан

Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Сатыбалды Азамат – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (келісім бойынша)

Сахариянов Қанат Ақылбайұлы – «Media Holding «Atameken Business» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша)

Сәбитова Айнұр Әлімханқызы – «Жақсылық акселераторы: Ізгілік елшісі» ұлттық еріктілер қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Қордай (келісім бойынша)

Сәдуақасов Серік Тельманұлы – Павлодар облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Павлодар облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры (келісім бойынша)

Сельтеев Оразғали Қаймолдаұлы – Еуразиялық интеграция институтының директоры (келісім бойынша)

Суларов Эдик Джемарович – Жамбыл облысы Қордай ауданының Сортөбе ауылы №17 орта мектеп директорының міндетін атқарушы (келісім бойынша)

Сүлеймен Олжас Серікбайұлы – Team Qazaqstan жобасының жетекшісі (келісім бойынша)

Сүлейменова Жұлдыз Досбергемқызы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Талаева Тәттігүл Жаксыбайқызы – Ақтөбе облысы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, «Тандем» телерадиокешені») жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша)

Танысбай Ләззат Мұратқызы – «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Тау Сырымбек – кәсіпкер, «DACO-MO-TORS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша)

Тимошенко-Боровикова Анастасия Юрьевна – «Қазақстан украиндары радасы» заңды тұлғалар республикалық бірлестігінің жастар қанатының төрағасы (келісім бойынша)

Топалысов Амангелді Ғабдылқарімұлы – Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Талдықорған өңірі бойынша «Харекет» қоғамдық қорының төрағасы, «Айналайын» балалар үйінің қамқоршылық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)</

QÜRMET HАM ILTIPAT

Елімізде жыл сайын маусымның үшінші жексенбісі медицина қызметкерлерінің мерекесі болып есептеледі. Бұл – әр минут сайын адам өмірін құтқаруға бар күш-жігерін салатын әрі өмір мен өлім арпалысындағы адамды ажалдан арашалап, дертіне дауа тауып, әрқашан көмек қолын созуға дайын тұратын ақ халатты абзал жандардың кәсіби мерекесі.

# МЕДИЦИНАНЫҢ МАЙТАЛМАН МАМАНДАРЫ

биігіне жеткізетін қанат, - дейді Ләйлә Баяханқызы.

Кейіпкерімізбен сыр тарқату барысында тіс дәрігері болуды бала күннен қалағанын, тіпті армандағанын білдік. Отыз төрт жылдық еңбек жолында сол таңдауына өкінбелті де. Қазіргі уақытта аудандық аурухананың басшысы С.Құсмолданова сала мамандарына шабыт беріп, жұмысқа деген ынтасын артырып отырған көрінеді. Іштей халықтан да, қарауындағы қызметкерлерден де ризашылық алған аудандық аурухана басшысына алғыс жаудырып отырдық. Несін жасырайық. Одан бөлек басшыдан қамқорлық пен қолдау сезінген кейіпкеріміз жанында қатар жүрген үш жас маманның ынтасы мен зейініне де тәнті екенін жеткізді. Өңгіме барысында Ләйлә Баянқызы пайдам тисін деді ме, әлде оқырмандар назарда ұстасын деді ме, әйтеуір тіс саулығына қатысты тәлімімен, тәжірибесімен бөлісті.


- Тіс саулығын сақтау үшін бірінші, әрине, тәттілерден бас тартқан жөн. Екіншісі, ұннан жасалған тағамдар. Үшінші, фаст-фуд. Жалпы, тәтті тамақтар мен тәтті сусындарды көп тұтынбау керек. Бұрын балаларға арналған стоматология жоқ еді. Қазір соның факультеті ашылды. Неге? Кеше ғана дүниеге келгенде балада тіске келгенде қандай мәселе туындауы мүмкін? Неге тістері шыға салып, қарайып кетеді, сынып қалады?! Әрине, бұның бәрі дұрыс тамақтанбаудан, экологиядан. Тіске зияны жоқ өзіміздің қымызымыз бен етімізді тұтынған жөн. Сүт өнімдерін көп пайдалану керек. Сүт тісті қатайтады. Витаминнің бәрі етте. Сол себепті ет те тіске пайдалы, - деді Ләйлә Баянқызы.

Дәрігерлік – жауапты мамандық. Мұны қайталап айтудан біз жалықпайық, сіз оқудан жалықпаңыз. Себебі бұл салада адам тағдыры тұрғандықтан еш қателесуге болмайды. Бұл

көрсенсіз! Олардың есімдерін білмеймін де, ал олар болса үнемі мені естеріне алып, арнайы келіп амандасып, алғыстарын айтып тұрады. Шыр етіп жарық дүние есігін ашқан нәрестеден бастап, еңкейген қартқа дейін ақ халатты дәрігерлер қызметіне жүгінетіні рас. Олардың еңбегін қажетсінейтін жан бұл өмірде кемде-кем. Өз істерінің нағыз шебері бола білген ақ халатты жандар тағалай адамның жүрегіне үміт отын жағып, өмір гүлін сыйлап келеді. Күнделікті үсті-үстіне ағылып келіп жатқан науқастарға ем-шаралар көрсетуден бөлек, аурухананың өзге де күйкі тірлігіне қарамастан кейіпкеріміз әрқашан жайдары мінез танытып жүруден жалыққан емес, - деді кейіпкер.

**М е р у е р т Н ұ р л а н қ ы з ы н ы ң** осы сөзінен-ақ оны осы салаға шынайы берілгенін, дерт пен дауа

боп шешім қабылданған жағдайда санитарлық автокөлікте бір жақын адамының бірге баруына рұқсат етіледі, - деді кейіпкеріміз. Медицина десе көз алдыңызға не елестейді? Ақ халат, аурухана, медициналық эмблема, науқастар... Ал бұлар тек сырт көзбен қарағанда байқалатындар, ал оны жетік оқып, меңгерген адамға «медицина» сөзі ең асыл, қымбат, шексіз мағыналы



сөз. Сондай-ақ, дәрігер – арыстандай айбатты, қыздай икемді, анадай мейірімді болуы керек деген ата – бабамыздың айтқан ұлы да ұлағатты сөздері бар. Медицианың атасы Гиппократ: «дәрігердің жүзі жылы, ұқыпты, киімі таза, қолдары жұмсақ, жағымды» болу керек деген екен ертеректе. Дәрігерлік тек оқумен ғана шектелмейді, дәрігер болу ол да бір өнер! Міне осындай тағы бір өнер иесі, аудандық ауруханамыздың жас маманы **Ернат Саматұлы**.

Кейіпкеріміздің отбасында дәрігер мамандары жоқ. Алайда, денсаулық арашашысы болуды бала күннен армандапты. «Бір адам – бір өмір» қағидасын ұстанған тұлға бүгінде барын салып елге қызмет етуде. - Бала кезден арманым дәрігер болу еді. Алға қойған мақсатым мен арманым нық. Халқыма, еліме қол ұшын беру. Әрбір адамның бойында өмірдің құпиясы, даналығы, ерекшелігі сақталғандай. Адаммен танысу арқылы, онымен сөйлесу арқылы өмірдің кейбір сырларын тани білгендей боласың. Бұл күндері дәрігер туралы пікір көп ел арасында. Біреулер жерге сыйғызбай мақтап жатса, екіншілері жерден алып, жерге салып даттап, қаралап жатады. Өмірдің өзі солай ғой. Дәрігер мәртебесі әрқашан биік, жоғары болмақ. Іңгәлған сәбиден, еңкейген қартқа дейін осы дәрігердің алысын өтеді. Медицинада өз орынымды таптым деп ойлаймын. Басқа жерде жұмыс істеймін деп ойлаған емеспін. Дәрігер болғандықтан науқаспен жұмыс істеген жақсы. Адамға көмектесу, тіпті адам жанын арашалау, өмірін құтқару, - деді дәрігер.

Тауға да ұрып, тасқа да ұрып сау басын, Пенде шіркін кеш ойлайды тәубасын, Дәрігерді жаратқан ғой тәңірім, Адамдарға рахымы мол болғасын! -деп ақындарымыз жырлағандай, кешегі мен бүгінгі күннің майталман ақ халатты абзал жандарымыз аман болсын. Кешегі күндері тарих, бүгінгісі үлгі боларлықтай істері алға бассын. Қанша мақтап, талдап еңбектерін жазсаңда сөз таусылар емес... Бастысы, ақхалаттыларға әрдайым алғыс айтып жүрейікші, оқірман!

Іңкәр ЕРБОЛҚЫЗЫ

ULT SAULYGY

ТАҢДАЙ

БАСУ

САУЫҚТЫРА

МА?

Сан ғасыр бойы халық медицинасы өмір сүріп келді. Халық медицинасы адам ағзасындағы биологиялық нүктелерді басу, шөптен дәрі-дәрмек жасау, сүлік салу, қан алу арқылы ем-шіпа жасаумен ерекшеленсе, батыс медицинасы химиялық дәрі-дәрмектермен адамзатқа игі ықпалын тигізуде. Екі медицина бір-бірін толықтырады. Бірақ кейде керісінше, бір-бірін мойындамайтын да кезі болады. Сондай мысалдың бірі – тамақ басу.



«Баспа» деп аталатын ауру түрі медицинада «ангина» деп аталады. Ол тыныс жолының ауруы. Адам жөтелгенде, сөйлегенде түкірік арқылы жұғады. Бір қызығы, аталған ауру әлі күнге дейін емшілер мен дәрігерлер арасында дау-дырып келеді.

Баспа – жұтқыншақ, таңдай, тіл маңы бадамшасының қабынуы. Оның қатарлығы, фоликулярлы, лакунарлы, герпетикалық сынды бірнеше түрі болады. Онымен ауырғанда тамақтың ауырсынып, дене қалтырайды, бас ауырып, буын құрысады, ағза әлсірейді. Тіпті 40 градусқа дейін ыстық көтерілуі мүмкін. Ұйқы бұзылып, асқа тәбет азаяды. Тыныс тарылып, мазасыздық орын алады. Көшпенді халқымыз тылсымның сырына тереңнен үңіле білген. Қарапайым-ақ амалдармен ем жасаған. Мысалы, бұмен тыныстау, бөдене жұртқасын жеу, уқалау дегендей. «Адамның қай жері ауырса, жаны сол жерде» дейміз ғой баяғы. Қай жері ауырса да – қиналып қалатының рас. Әсіресе, сәбилер үшін баспа қауіпті. Ыстығы көтерілген бала әлсін-әлсін жылап, беймаза күйге түседі. Ондайда аналар екі нәрсеге жүгінеді. Біріншісі, жедел жәрдем шақыртып, батыс медицинасына сенім білдірсе, екіншісі, қазақы дәстүрге иек артады.

Жақын танысым Айымгүл баласы сауықтаса, тамағы көтерілсе, тамақ бастын көрші апасына қарай жетектей жөнеледі. 2-3 күнде ауру сап тыйылады дейді ол.

- Тамақ басу – қазақта әу баста бар үрдіс. Кішкентайлар алда-жалда тұмауратып, тамағы көтеріліп жатса, жасырмаймын Жұпар апам апарамын. Сұқ саусағын қазаннан күйелеп алады да, тамақтың сыртынан басып-басып жібереді. Соған үйренгенбіз. Тынысы бітіп, дем ала алмай тұрған бала бірер сағатта терлеп-тепшіп ұйықтап қалады. Ұйқыдан ояңғасын түк болмағандай, бауырларымен ойынға кіреседі. Бар баламды осылай өсіріп келемін. Ащы дәрі беріп, асқазанын ауыртқаннан осы әдісті қолданғанды тәуір көремін, - дейді Айымгүл.

Қазақ – дана халық. Не істесе де негізге сүйеніп отырып іс қылады. Ырымшылдығы тағы бар. Баласын елден ерек жақсы көреді. Әкесі бар балаға бас ұстатпайды. Бұл «Әке тұрып – ұл сөйлегеннен без» дегенді білдірсе керек. Сондай-ақ, дастарханға үлкен ас келгенде алдымен бас тартылады. Бастың әр мүшесін асатудың да өзіндік мағынасы бар. Соның ішінде баланың алақанын аштыртып, «жезандай әнші, қара қылды қақ жарған көсем, би-шешен» болсын деп қойдың таңдайын асатқан. Тамақ басу да ұлттың қасиетті дәстүрі ғой.

С.КЕЛМЕМБЕТ



шайқасында жеңістің ақ жалауын желбіретуде ештеңеден тартынбайтынын аңғаруға болады. Себебі, Меруерттің бұл мамандығы – анасының арманы. Кейіпкердің анасы бала күнінен құлағына «бір үйде бір дәрігер болуы керек» деп құйса керек. Ал құймақұлақ боп ескен Меруерт Нұрланқызы ана арманын орындау үшін барын салып келеді. Тіпті, ол үшін қуанбаса, өкінбейді. Себебі оның арманға, анаға деген адалдығы өкіндірмейді. Сырласу барысында кейіпкеріміз бір күндік жұмысының жайын баяндап берді.

- Әдетте жедел жәрдем қызметіне өтініш білдіргенде, науқастың немесе зардап шегушінің аты-жөні, тегі, нақты мекенжайы, кіретін есіктің код нөмірі, үй ауласына кірудің төте жолы туралы ақпарат берілуі керек. Сондай-ақ, жедел медициналық жәрдем қызметінің диспетчерімен қажетті бригада саласын анықтау үшін қойылған барлық сауалға дұрыс жауап беру қажет. Жедел медициналық жәрдем бригадасы келгенге дейін науқастың немесе зардап шегушінің жанынан бөтен біреулерді алыс ұстаған жөн. Бригада келгенге дейін науқастың ауруы туралы мәлімет беретін үйдегі бар медициналық құжаттарды дайындап қою керек. Науқас ауруханаға жатқызылатын

ретте дәрігерлер үнемі білімін жетілдіріп, ізденіс үстінде болып, өз саласында ем жүргізудің барлық тәсілдерін жетік меңгеруі тиіс. Осы ретте Ескелді аудандық ауруханасының жедел жәрдем бөлімшесінің аға фельдшері Меруерт Нұрланқызымен сыр шерткен едік.

- Мен үшін өмірдегі басты марапат – науқастарымыз дені сау және бақытты қалпында көру. Өзім бір кездерде көмек берген адамдарды кездестіргенде қандай қуаныш сезімі билейтінін

- Дәрігер болу – үлкен мәртебе. Мамандық таңдау үшін адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Меніңше дәрігер болу менің қолымнан келеді. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істелген іс

# ҚҰЛҚЫННЫҢ ҚҰРБАНЫ



BOIAMASYZ ÖMİR

**Қанат мектепті үздік бітірді. Тіпті, «Алтын белгі» иегері атанды. Алып қаладағы мен деген гимназиялардың бірін төмамдады. Жоғары оқу орнына да еш қиналмай түсті. «Грантқа түссең, көлік алып береміз» деген әке-шешесі де уәделерінде тұрып, 18 жасқа толған бойдан жеңіл көліктің кілтін сыйлады.**

Үйдегі үш баланың тұңғышы әрі ұлдан жалғыз болып өскен Қанаттың бақыттан басы айналды. Дегенмен, қасындағы достарындай емес, оқу үлгерімі өте жақсы, тәртіп бұзған емес. Ішімдікке мүлде әуестігі жоқ. Өз ісіне тиянақты, сабақтан бос уақытында қосымша курстарға қатысып жүрді. Мақсаты – шетелге барып, білімін одан әрі жетілдіру. Көп ұзамай Қанат бұл арманына да қол жеткізді. Елдегі білім саласына қатысты бағдарламалардың біріне қатысып, сынақтан сүрінбей өтіп, мұхиттың арғы жағындағы алпауыт елдің жоғары оқу орнынан шақырту алды. Қуанышы қойнына сыймай, ата-анасы туған-туыстың басын қосып, үлкендердің батасын алды. Дос-жаранмен қоштасып, өз ортасындағылардан алғашқы болып шетелге аттанды. Америка Құрама Штаттарындағы атақты университеттің бірінде екі жыл білім алып, елге оралды. Жұмысқа түрді. Баласының аман-есен елге келгеніне әке-шешесі мәз. Тойға бергісіз атап өтті.

Құн артынан құн, ай артынан ай сырғып өте берді. Жеке кәсібі бар Қанаттың әкесі ескі үйін бұзып, қаланың ортасында орналасқан 10 сотық жеріне екі қабатты зәулім үй салды. Бұл кезде үлкен фирманың бірінде белді қызмет жасайтын Қанаттың жасы жиырма жетіден асып кеткен еді. Достарының бәрі дерлік үйленген, алды үш балалы болып үлгерді. Оқу, жұмыс бабымен жүріп қалған Қанат та айналасына көз тастап, өмірлік жарын іздей бастады. Алысқа ұзаған жоқ, іздеген аруы өз ортасынан табыла кетті. Дос баласының келіншегінің құрбысы. Танысуы да аяқасты болды өзі. Бір көргеннен бірін-бірі ұнатқан қос ғашық бір-бірінің ата-анасымен танысып, шаңырақ көтерді. Қанаттың әке-шешесінің қуанышында шек жоқ. Жалғыз ұлы үйлі болғанда бәркін аспанға атпағанда ше. Тапқан-

-таянғанына ұлан-асыр той жасап, жастарды бал айына шетелге де жіберіп алды. Берекелі отбасының ырыс-ынтымағы арта түскендей еді. Бәрі ойламаған жерден басталды. Қанат тұңғыш қызы дүниеге келгеннен кейін букмекер жағалай бастады. Алғашында жолы болып, қомақты қаржы ұтып жүрді. Үйдегілерге жұмысында табысы артқанын айтса, олар да Қанатқа сенгендіктен, артық сұрақ қоймайтын. Жұмыс барысында тұтынушылармен жиі келіссөздер жүргізіп, кездесулерге барып, жауапты жұмыс атқарып, бүкіл жүкті мойнына артып алған Қанат біртіндеп құмар ойынға әуестене бастады. Жұмыстан шаршағаны басылғандай бір сергіп қалатын. Алғашында шағын ортаны жағалайтын. Бірте-бірте үлкен ойындарға қатыса бастады. Ол үшін қалтаңда қомақты қаржы болуы керек. Қанат ойланып жатпады. Жұмыста қаржы жағына да өзі жауапты болғандықтан ретін келтіріп, үлкен көлемдегі ақшаны ойынға тігіп, артынша ұтқан

ақшасымен жауып жүрді. Бара-бара бұл әдетке айналды. Ауыз толтырып айтарлықтай соманы ойынға салып, ұтылуы жиіледі. Кешкісін, әсіресе сенбі, жексенбі күндері үйде тұрмайды. Сылтауы – жұмыс. Бұған дейін артық қылтың-сылтыңы жоқ баласының бұл жүрісінен күдіктенген әкесі бақылап көрді. Күмән тудыратын ештеңе жоқ секілді. Қашан көрсен, баласы бастығымен бірге жүреді. Жұмысы бастан асады. Үйге келсе де компьютердің алдына отыра қалып жұмыс істеп жүргені. Тілі шығып, жүгіріп жүрген қызына да көңіл бөліп үлгереді. Келіншегімен тату-тәтті. Бірақ, арада көңіл көншіпейтін бір нәрсенің бар екенін бәрі сезді. Уақыт өте келе сырдың беті ашылды. Қанат құмар ойынның құрсауынан шыға алмай, жан-жағына қарыздан белшесінен батқан екен. Ол ол ма, жұмысының да үлкен көлемдегі қаржыны ойынға салып жіберіп, қайтара алмай қалыпты. Бастығын ары-бері алдаусыратып, уақыт созып жүргенінен түк шықпады. Әкесін

көптен танитын бастығы тікелей үйіне келді. Бәрін жайып салды. Жасыратын нәрсе қалмады. Қолымен істеген ісін мойнымен көтеруге, мойындауға тура келді. Соңғы уақытта жүрегі сыр беріп жүрген әкесін уайымдап еді. Жоқ, қайта әкесі ұстамды екен. Ұрсып-жекірсе де өзін тастап жіберген жоқ. Қанаттың қарыз ақшасының 30 миллионнан асып кеткенін естіп, туған-туыстан көмек сұрады. Баласы кінәлі болса да сын сағатта қателігін қайта-қайта бетіне баспай, керісінше, демау болуға тырысты. Қарызының бір бөлшегін тауып беріп, қалғанын жабу үшін көп ойланбастан, үйін сатуға қойды. Қаланың ортасында соңғы үлгімен, әсем етіп салынған еңселі үйді алушы да табыла кетті. Үйді сатқан ақшадан елге қарызын қайтарып, қалғанына қаланың шеткерірек ауданынан жер алып, үй салуға кірісіп кетті. Әкесінің табысының арқасында жаңа үй де тез бітті. Қанаттың келіншегі Жайна екінші сәбиін босанып, дүниеге ұл келді. Бір қыз, бір ұлдың әкесі

атанған Қанат құмар ойынға деген құмарлығын түбегейлі қоя алмады. Қолы қалт етсе, сол жаққа қарай тартып кеткісі келеді де тұрады. Осы уақыт ішінде үйінде де талай ұрыс-керіс болды. «Жаздым, жаңылдым, енді жоламаймын» деп уәдені үйіп-төгіп береді де, арада біршама уақыт өтіп, ұмытыла бастады-ау деген сәтте қайта әдетіне басады. Әке-шешесі емші, бақсыға да апарып көрді. Нәтиже жоқ. Айтып-айтып шаршады. Сырт қараған көзге өз ісінен басқамен шаруасы жоқ, іске мығым, сөзге шешен, жауапкершілігі мол болып көрінетін Қанаттың достары да сырт айнала бастады. Енді қайтсын, жолап кетсе қарыз сұрайды. Онысын уақытылы қайтарған да емес, кешіктіріп, бірінен алғанын екіншісіне беріп жүргені. Балаларын түрлі қосымшаға беріп, келіншегімен қымбат жерлерден тамақтанып, жақсы киініп жүретін мұны ешкім қарызы көп адам деп ойламас еді. Уақыт деген зымыран бір орнында тұра ма? Үйленгеніне сегіз жылдай уақыт болған Қанаттың әкесі жүрегі ауырып, ауруханаға жиі жататынды шығарды. Баласының уайымы жүрегіне түскен секілді. Үшінші сәбиінің дүние есігін ашуын күтіп жүрген Қанат өз-өзін қанша қолға алса да құмар ойынның шырмауынан шығар емес. Кірер есігін тапқанымен, шығатын жол таппай дал болады. Қарызын жабуға тырысып, үсті-үстіне ойнайды. Ұмтылған сайын ұтыла береді. Бастапқыда қолы жиі шығушы еді, қазір не қырсық шалғанын кім білсін?! Бүгін де жұмыстан ертерек, үйге келіп тамақтанып алған ол сыртқа беттей берді. Бірнеше ай бұрын астындағы көлігін де сатып жіберген. Ақшасы сол баяғы қарызға кетті. Шақырып қойған таксиге беттей бергені сол еді, қалтасындағы ұялы телефоны безілдеп қоз берді. Бейтаныс нөмір. Алды... Көзалды тұманданып кете барды. Ауруханада жатқан әкесі бақилық болыпты. Көлікті келе жатып, өкен өмірін көз алдынан өткізген Қанат өкініштен бармағын тістей берді. Өкінгенмен не пайда, өзі ғана құмар ойынның құрбанына айналмай, әкесін де сол бір жексұрын шырмауықтың шырмауына жіпсіз байлап беріпті ғой. Қаланың келтеліске толы жолы тым ұзарып кеткендей. Кез келген қиындықтан алып шығар тірегі, алып бәйтерегі шынымен құлағаны ма? Қалайша? Неліктен? Санада сансыз сұрақ...

Лаура БАҚТЫБАЕВА

KÖNİL PERNESI

## ПЕНДЕНІҢ ҚОС ҚАНАТЫ

**Бала дүниеге келгенде аппақ парақтай болады, оның қандай болатыны жанындағы адамдарға, берілген тәрбиесіне байланысты. Болашақта балаларымыз үлкен адам, бетке ұстар тұлға болуы үшін не істеу керек?**



Мұхаммед Әли «Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныспен, арманнан, мақсаттан чемпион туады» деген. Сол секілді аппақ парақты тек жақсылыққа толтырып, әрбір баланы армандауға, мақсат қойып, нәтижеге қол жеткізуге талпындыру қажет. Яғни аппақ парағымызға қос қанат керек. Оның бірі – арман болса, екіншісі – мақсат. Ал ақ парақты әрбір адамның өзегі дер едім. Ешкіммен бөліспейтін, тек өзің үшін қажет өзекті арман мен мақсат қанаттандыратындай. Арман деген не? Мақсат ше? «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген сөз бәз біреулер үшін жағымсыз естілуі мүмкін. Шын мәнісінде, бұл сөздің астарында үлкен шырыл бар, үндеу бар. Қанатсыз құс ұша алмайтындай, армансыз да өзіндік биіктен көре алмайтыныңды түсіндіреді. F.Мұстафин «Арман деген көп белес, біріне шықсаң, бірі бар» деген. Түсінігімше, арман – адамның ұзақ өмір сүруіне себеп. Алға қарай ұмтыла түседі, ұмтылдыра береді. Ал мақсат деген не? Мақсат – сен

қалайтын, орындалса екен деп тілейтін армандарыңа апарар жол. Мақсаттың болмаса, армандарың бұлыңғыр бір елестей боп қалуы ғажап емес. Осы тұста Альберт Эйнштейннің: «Егер бақытты өмір сүргің келсе, адамдар мен нәрселерге емес, мақсатқа тәуелді болыңыз» деген сөзі ой саларлықтай. Білесіз бе, арман мен мақсат жайлы бұрын не ойланды, қазір не ойлаймын? Арман – ол уақыт өте келе өзгеріп, құбылып, түрленіп, жаңарып тұратын нәрсе. Сенің ой-санаңмен, біліміңмен бірге құбылып отыратын өзгермелі материя. Мысалы мен, мектеп қабырғасында оқысам деп армандағанмын. Қазір сол арманыммен алға қадам басып келемін. Ал қазір 18 жастағы қыз басқаны арман етеді, басқаны мақсат етеді. Ол қандай арман деген сұрақ туындауы орынды. Ал менің ішкі өзегім ешкіммен

бөліскенді қаламайды. Алға ұмтылу – өмірдің мақсаты осы емес пе? Өмірдің мәні – мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттің парасаттылығы мен пәрменділігінде, ендеше тұрмыс – тіршіліктің әрбір сәтінде алда үлкен мақсат тұруға тиіс. В.Гюгоның: Кім болам десе, сол болу – ұлы адамның ісі де, қолынан келгені болу – әр адамның ісі екенін ұмытпау керек! Армандай білу керек! Мақсатқа қол жеткізу қажет! Осылардың барлығы болу үшін Хакім Абайдың мына бір өлең жолдары қару болады деп ойлаймын. Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме. Қызық келсе, қызықпа, оңаққа ерме. Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме. **Арайлым ДАДАНБЕКОВА, Тұран университетінің 3-курс студенті**

ÖZEK

## ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІ – ҚАРАУСЫЗ БАЛА

**Балалардың отпен ойнауы көбінесе өрттің себебі болады. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай өрттер балалардың отпен абай болу дағдыларының жоқтығынан, ересектер тарапынан олардың мінез-құлқын бақылаудың жеткіліксіздігінен, ал кейбір жағдайларда ата-аналардың өз балаларының бос уақытын ұйымдастыра алмауынан болады.**

Үш жастан жеті жасқа дейінгі балалар өз ойындарында ересектердің әрекеттері мен әрекеттерін жиі қайталайды, олардың жұмысына еліктейді. Тәуелсіздікке деген ұмтылыс әсіресе балалар жалғыз қалған кезде көрінеді. Үйде жалғыз қалған бала сіріңкемен немесе оттықпен ойнауды шешпейтініне, қағазды өртегісі келмейтініне, орманда көрген отты реттемейтініне сенімді болуға болмайды. Құрметті ата-аналар, балалардың отпен ойнауы өте өткір. Басты міндет – мүмкін болатын қайғылы жағдайдың алдын алу, жақын болу және тіпті бір қадам алда болу екенін есте сақтау өте маңызды. Біздің күш-жігеріміз балалармен күнделікті профилактикалық жұмыстарға бағытталуы керек, егер ол жойылмаса, онда балалардың қатысуымен болатын өрттер мен басқа да оқиғалардың санын барынша азайту, жарақат пен жазатайым оқиғаларды болдырмау

керек. Өйткені, ең алдымен, ересектер балалардың әрекеттері мен әрекеттері үшін жауап береді. Балаларға жаман мысал көрсетпеңіз. Сіріңкелерді балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз. Ешқандай жағдайда үйде ақаулы немесе үйде жасалған электр құралдарын ұстауға болмайды. Қауіпсіздік талаптарына сәйкестік сертификаты бар, аспапты электр қорек көзінен автоматты түрде ажырататын құрылғысы бар жарамды аспаптарды ғана пайдалануға болады. Есіңізде болсын, кішкене абайсыздық үлкен қайғыға әкелуі мүмкін. Қайғылы жағдайлар балалардың өртте қаза болуының басты себебі олардың қиын жағдайда әрекет ете алмауында екендігін айқын көрсетеді. Өрт кезінде балаларда подсосание инстинкті іске қосылады: бала жасырынуға тырысады, қиялдан пана іздейміз - төсек астында, үстелдің астында. Онда оның қиындықтары бар. Сондықтан баланы өрт кезіндегі іс-әрекеттерге үйретуді ұмытпаңыз. Егер сіз балалардың өз бетінше от жағатынын, сіріңкемен және оттықпен, жанғыш сұйықтықтармен ойнайтынын көрсеңіз, немқұрайлы қарамаңыз, оларды тоқтатыңыз! Өмір балалар арасында балалардың отпен ойнауынан болатын өрттердің алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқан жерлерде өрттің туындау қаупі барынша азайтылатынын көрсетті. **Қ.ӨШІМОВ** **Ескелді ауданының ТЖБ инженері**

# АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АҚ ХАЛАТТЫ

◆ MEREI



Қала іргесіндегі Шымыр ауылында медбике Меруерт десе ауылдықтардың жүзінде жылулық сезіледі. Олай болар жөні бар. Меруерт Алмабаева елдің алғысын алған ақ халатты. Алдына келгенді дәрікпен де, сөзбен де емдейтін әдеті. Ауылдық амбулаториядан қабағын шытып шыққанды көрмейсіз. Өйткені табиғатынан елге, маңайындағыларға қызмет етуді мансұқ көрген.

Ауылдық мейірбике жайында қызық жайт болды. «Қасқыр мен журналисті аяғы асырайды» деуші ме еді?! Қарабұлақтан қоғамдық көлікке отырғаным сол еді. Арты жақтан күбір нем күмбір әңгіме шыға келгені. Аудандық ауруханаға қағаздарымен барғандар болуы керек. Бірі айтады: «Құдай бере салған ғой, Меруерттің арқасында шаруамыз да, денсаулығымыз да тиянақтай. Қолына қуат бергір, қашан барсаң да жадырап күтіп алады. Кейде қай жерің ауырғанын ұмытып қаласың». Екіншісі: «Шынын да солай, жөнін біледі. Нағыз майталман. Алдына барған сайын қабақ шытқанын көргеніміз жоқ. Жүзі жақсыдан түңілме деген», - деді. Ортаға үшінші ер кісі қосылып: «Айлық алып отыр, жалақысына сай қызмет етуі тиіс дейді ғой әдетте жұрт. Ауылдың ешқайсысы Меруерт жайында жаман пікірде емес. Ауыра қалсаң, дертімізге шипа қыларлық әрекет етеді. Алла разы болғыр!» - дейді. Нәзікжандылармен қауқылдасқан жараспас деп, ер кісімен әңгімені жақын тарттым. Елдің бағасын алған қандай жан? Шымыр ауылының тұрғыны Дархан Ерікбаевтың айтуынша, мамандықтан бұрын адамдықты игерген мейірбике екен езі.

Бақсақ, Меруерт Алмабаева Шымыр ауылының медбикесі екен. Елде дерт қозып, қауіпті індет көріні де, басты да аямай жақтан 2020 жылы кейіпкеріміз бұл ауылға бет бұрыпты. Содан бері халықтан алғыс жинап жүр екен. Өзі 2018 жылдан бері Жетісу ауылында мейірбике болған екен. Қазір осында, Шымырда. Содан ауыл мақтаған арудың жайын білмекке байланысқа шықтым. Айтқандай, жұзінде иманы бар, адамгершілігі тасыған азаматша екен.

- 2015 жылы колледж тәмамдадым. Мамандығым - фелдшер. Еңбек жолымды Балпық бидегі балабақшада мейірбике болып бастағам. Бүгінде Шымырдамыз (күліп). Негізі қай кісіге болмасын адалдық керек. Мамандыққа, Отанға, туған-туысқа. Сонда ғана қай сала болмасын алға басады. Өзіміздің ұраным да сол, - деді медбике Меруерт.

Содан әңгімеміз үзілді. Себебі Меруертті қауырт шаруа күтіп тұр. Адам толассыз келеді екен мұнда. Бірі - балтыр сыздап келсе, бірі - жүрек лоблып есік қаққан, үшіншісі - баласын қаратуға әкелген. Тынымсыз Меруерт бәріне өбек қағуда. Мен де қарап қалмайын деп, әңгімеге тартым келушілерді. Сайлауқұл Шектібаева мұнда жиі келеді екен. Өзінің айтуы. Меруерт қай кезде де жайдары қарсы алып, күлімдеп шығарып салады екен.

- Бір кітаптан оқығаным бар еді, «Адамды емдеу үшін жылы сөзден асқан дәрімен жоқ», - дегенді. Осыған кәміл көзім жетті. Әдетте дәрігердің алдынан шықпаймыз. Қан қысымы жиі көтеріліп, жүрек ауыратыны бар. Меруерт қызымыз үнемі күлімдеп, жылулығын сыйлай жүреді. Дәрігер біткен осы қызымыздан үлгі алсайшы. Қалада, ауданда дәрігерлердің талайын көріп жүрміз. Қабағы жауған бұлттай түнеріп тұратын ақ халаттылар жетеді. Меруерттіміз оларға үлгі болсын, - деді С.Шектібаева.

Негізі қай адамға болмасын, жылы сөзден артығы көрегі жоқ. Өл-Фарабидің «Қайырымды қоғамы» бір-бірімізге жылулық сыйлағанда орнамақ. Рас сөз. Меруерт Алмабаева жайында шымырлықтардың айтар уәжі - алғыс. Ал алғыс алған ақ халаттыға біз де бас иеміз. Мерейің тасысын медбике Меруерт!

Мағмар МАҚСЫМ

# АРДАҚТЫ АҚ ХАЛАТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР!

ALGAUSYZ ALGYS

◆ Қазақстан медицина қызметкерлерінің төл мерекесі. Сіздерді кәсіптік мерекелеріңіз – медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Бүгінде қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде денсаулық саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында бар мүмкіндіктер жасалуда. Құрметті медицина қызметкерлері! Ерен еңбектеріңізге, шипалы алақандарыңызға, мейірімді жүректеріңізге алғысымыз шексіз. Еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін. Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбасына алаңды, дендеріңізге саулық, күш - жігер, баянды бақыт пен жаңа табыстар тілей отырып, кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында биік асулардан көріне беріңіздер. Алғаусыз алғыс сіздерге ақ халатты абзал жандар!

Ізгі ниетпен С.ҚҰСМОЛДАНОВА, ШЖҚ Ескелді аудандық ауруханасы МКК директоры

◆ SÖNGE

Әлемде айына екі тіл өледі екен. Кәдімгідей келмеске аттанады. Жаназасы шықпай, қара жерге кірмей-ақ өле салмақ. Бір жылда 24 тіл ажал құшады. Бұл - ресми дерек. Жер шарында 6 мыңнан астам тіл бар болса, жыл сайын 24-ін жоғалтамыз. Мамандардың топшылауы, XXI ғасырдың соңында қолданыста 600 тіл ғана қалады екен. Әсіресе, әйгілі лингвист Майкл Краустың болжамы бойынша, ғасыр соңында әлемдегі тілдердің 90 пайызы жойылады. Демек, әлемдегі ұлттардың 90 пайызы өледі. «Тілі өлген ел - тірі өлген ел». Қасірет пе?!

Тілдің өлуі - сол тілде сөйлейтіндердің жойылуы. Мәселен, 1995 жылы 5 қарашада касаба тілінде сөйлейтін ең соңғы Богон есімді азамат дүниеден өткен. 4 қарашада касаба тілі тірі болса, 5 қарашада бұл тіл өлді. Тағы бір мысал, 1992 жылы 8 қарашада Батыс Қазақстадағы облыс тілінде сөйлеген ең соңғы адам Тефлик Есенш дүние салғанда, обух тілі де бірге өлді. Жоғалу алдында тұрған тілдерді сақтаудың қам-қарекетімен жүрген лингвист Стив Андерсон обух тілін қағазға түсіруге екі сағат кешігіпті. Тефлик тұратын ауылға лингвист барғанда тұрғындар 2 сағат бұрын обух тілін жерлепті.

Тілдің өлуі - ұлттың жойылуы. Тіл - ұлттың жаны, болмысы, таңбасы, байлығы, басты қазынасы. Тіл мен ұлт қалай жойылады? Үйретпеуден, кейінгі ұрпаққа мұраның дұрыс жеткізілмеуінен. Бір ұлттың өкілі өз тілінен гөрі өзге тілді жетік менгеріп, ұрпағына өз тілінде емес, өзге тілде тәлім беруінен өледі.

Тілді, ұлтты жойылудан сақтау үшін қайтпек керек? Бәз біреуді жөнге салып, тәртіпке шақырудың қажеті жоқ. Өзімізден бастайық, ұлт тілін жоғын түгендемес бұрын отыз екі тіс қоршауындағы тілден бастайық.

Алдымен тілді шұбарламайық. Қазақ тілі аса көркем. Осы ұлттың ұрпағы болған соң ғана айтып отырған жоқпыз, өзге ұлт өкілдері де қазақ тіліне сүйсініп өткен.

# ТІЛ ҮШІН ДЕ ТІРЛІК КЕРЕК



Мәселен, Затаевич «Қазақ сөйлегенде дала ән салып тұрғандай» деген еді. Тілді сақтау сөйлесуден басталады. Қазақша сөйлесейік. Орыс не ағылшын сөзін әңгіме арасына қоспайық. Өйткені, сіздің сөзіңізден үлгі алып тұрған кейінгі толқын бар. Балаңыз не кейінгі ініңіз бен қарындасыңыз, тіпті, болмаса немере-шөбереңіз. «Арбаның алдыңғы доңғалағы қайда жүрсе, артқы доңғалағы сол ізбен жүреді». Бұл бірақ өзге тілде сөйлем, үйренбе дегенді білдірмейді. Өзге тілде сөйлеуді үйрену өзге ұлт өкілімен тілдесуге керек. Біздің өңірді қазақшылықтың ордасы дегенмен, бізде де әңгіме арасына орысша тұздық қосып жіберуді мақұл көретіндер көп.

Байқаймын, орыс тілінде сөйлеуді интеллигенттік, мәдениеттің озығы көретін қандастар жетеді. Кім-кімнің де есіне салайын, күллі Еуропа бұтына шүберек байлап, табанын тоздырып жаяу жүргенде қазекемнің арғы атасы ғұндар мен сақтар, үйсіндер мен қаңлылар шалбар киіп, ат үстінде ойнақтап жүрген. Мәдениеттің озығын бізден үйренген талайлар. Оған да мысал жетеді.

Екіншіден, төл тіліңді өзге ұлт өкіліне құрметтеуді үйретіңіз. Қайсыбір тілде сауал қойғанға, сол тілде жауап беруге даяр тұрамыз. Жалпақшешейлік басым бізде. Иілуге, жығылуға икембіз. Қазақ қазаққа ғана мәтiби. Өзімізге ғана күш көрсетуге, үстемдік етуге асықпыз. Рас қой. Ұлтаралық қақтығыс тудыру ойда жоқ. Біреуді біреуден биіктетуді не аласартуды ойлап отырғанымыз жоқ. «Өзім дегенде өгіз қара күшің болмаса өздігіңе болайын» деген екен ескінің бір кісісі. Мұндағы мақсат - таразы басын теңестіру. Қазақстанда тұратын өзге ұлыстар қазақ тілін түсінбейді емес, сізді қазақ тілінің ғылыми негізіне оқытуға даяр. Бір мысал, басқа өңірлерге қоныс аударған ағайын-туыстың балалары өзге тілде шүлдірлеуге бейім. Сол жұртқа қыдырып барған ауылдағы балалары да лезде «тіл сындырып» келеді.

Бұл мысалды айтпасақ та, күнде көріп жүрміз. Бірде танысымының баласы Керекуге барып келген ғой. Сол жақтан күшік әкеліпті. Танысымының айтуына қарағанда, күшік асыл тұқымды екен. Бірақ, мені иландырғаны бұл емес, күшікке қойылған атауда. Ит иесі күшікті

«Мұхтар» атапты. Күшіктің енесі де Мұхтар екен. Айтқанды бұлжытпай орындайтын болған соң күшік те сондай болсын деген ырыммен Мұхтар атаныпты.

Қазақта Мұхтардай зиялы тұлғалар көп. Мұхтар Әуезов, Мұхтар Мағауин, Мұхтар Шаханов, Мұхтар Құл Мұхамед... Аты аталмағандар өкпелей қоймас. Сол Мұхтарларды біле тұра танысым итті Мұхтар атауға арланбапты. Өлгі күшік қазір ит болды. Барған сайын иттің атын өзгертуді сұраймын. Талай қызылкенірдек те болдық. Жуырда ит байлаудан босап кетіп, ит ататындар «менің арманымызды» орындапты. Іштей «атауын өзгертпесе, у беріп өлтірермін» деп жүргем. Сол танысыма: «Қазір осы күшікке не орыс, не шешеннің есімін қойшы, көзіңе көк шыбын үймелетер олар кеп», - деген едім.

Мәселе итте емес, атауында нәм баланың еліктеуінде болып тұр. Өз тіліне құрметі жоқтарға еліктеп, өз асылын құрметсіз етті. Үшіншіден, өз тіліңді құрметтеуге үйрен. Кез келгеннің қолында ішінде ит өлген бір дүние бар. Төлқұжат деген. Кім еңіңізді көрсетер сол құжатты қолыңызға алыңыз.

Есіміңіз қазақ тілінде жазылған ба? Тегіңіз ше? Мәселен, есімім - Дастанбек, тегім - Садық. Есімімінен қате кете қоймайды, өйткені мұнда тек қазақ тіліне де, орыс тіліне де ортақ әріптер бар. Тегім нәм әкем аты Садықта қазақтың қасиетті екі төл әрпі бар: ы мен қ. Төлқұжат даярлағанда ы - и, қ - к болып қалса, әкемнің аруағы тыншты ма? Өйткені, қазақшаны жөнді ұқпайтын құжат жасаушы әкем атын «Садық», яғни, балабақша (детсад) қылып жіберуі мүмкін. Ал әкем есімі тегіннен Садық болған жоқ, Садық ахундай елге шипасы, халыққа шынайы пайдасы тисін деген ниетпен қойылды. Бұл мысал, ал төлқұжатта аты-жөнім Дастанбек Садық болып тұр. Өке есімін қорлатпаудан бұрын, тілді қорлатпауды ойлап, төлқұжаттағы аты-жөніңіздің жөнді болуын қамтамасыз етіңіз. Сондай-ақ, -ов пен -евтен құтылуға асығыңыз. «Онда тұрған не бар, -ов пен -евтен еш зиян шекпедім, майда-шуйдені мәселе еткені несі?» - деуіңіз де мүмкін. Бірақ түйдей дүниеге түймедей мәселе сеп болады.

Жуырда бір басылымнан «Қытайлар тіл мәселесіне бет бұрды» дегенді оқығам. Астапыралла, миллионды былай қойып, миллиардтың үстіне шыққан халыққа тіл көтерер мәселе ме? Уикипедия «әжейдің» айтуынша, қытай тілінде 1,5 миллиард адам сөйлейді екен. Олар тілді күйіп тұрған мәселе қатарына жатқызса, біздікі жанып-жанып, шоғы қалған мәселе екен-ау. Мақаланы оқу барысында білдім, қытай тілі де өзге тілдердің кіргізуі барысында байырғылығынан айырылуда екен.

Қытайлар ұлттық мәселесін көтеруде бірінші орынды ешкімге берген емес. Ал біз ше? Тіліміздің тілім-тілім болғанын қалаймыз ба? Сөйлеушісі 12 миллион ғана қазақ тілінің болашағын жарқын етер де, өлі тілдердің ауылына жақын етер де мына біз. Тіл - бабадан жеткен аманат. Аманатқа қиянат қылмайық, ағайын!

Дастанбек САДЫҚ

# ПРОБЛЕМА НАРКОМАНИИ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ



Важно понимать, отчего человек вдруг скатывается ко дну, начиная использовать наркотики. Если он в разговоре все окрашивает в негатив, выглядит хронически усталым, безрадостным — это первые тревожные звонки. Ведь к наркотическим веществам прибегают те, кто находятся в безнадежной ситуации, утратили жизненные ориентиры, не видят перед собой четких целей и не знают вообще, для чего живут. Все проблемы кроются у человека в голове, в его душе и сознании, способности или неспособности преодолеть жизненные трудности.

На разных этапах зависимости проявляются те или иные симптомы, которые дают понять, насколько человек погружен в проблему наркомании и на какой стадии находится. Вот основные признаки, говорящие о том, что вашему близкому или родственнику нужна помощь:

Абстинентный синдром. Другими словами - это ломка. Большой становится тревожным без причины, у него наблюдаются расстройства желудочно-кишечной системы. Его поведение может быть как раздражительным, так и депрессивным.

Переносимость больших доз наркотика. Если человек увеличивает дозы с каждым разом, это говорит о том, что его зависимость усиливается и усугубляется.

Отрицание. Пациент не

может оценить свое состояние адекватно, отказывается видеть правду, когда ему окружающие указывают на проблему.

Бесконтрольность. Человек становится неуправляемым — он не контролирует свою психику и может совершить преступление.

Бессилие. Появляется при самостоятельных попытках оставить наркотик или хотя бы уменьшить привычную дозу. Ведь такие попытки, как правило, заканчиваются возвращением к потреблению веществ с новой силой - не помогают ни клятвы самому себе, ни обещания другим.

Решение проблемы наркомании. Так как наркомания затрагивает жизни всех, кто находится рядом с человеком, зависимым от психоактивных веществ, окружающие не могут оставаться безучастными к проблеме. Прежде чем помочь наркоману обрести активную жизненную позицию, осознать смысл своего существования, выбрать увлекательный род деятельности и вернуть чувство человеческого достоинства, нужно с чего-то начать:

Узнайте все о наркотике, который употребляет ваш близкий человек. Неужество не позволит вам оказать правильную помощь и вообще распознать наркотическую зависимость. Необходимо научиться относиться к такому человеку как к больному, который не может справиться в одиночку.

Не давайте денег зависимому. Наркоман ищет любые возможности финансовой подпитки, так как ему нужно за что-то покупать вещества. Он может идти на любые хитрости: оказывать услуги в плане сделать что-то по дому соседям, сходить за продуктами или же предлагать купить вещи, технику из своего дома. Также сердобольные родители могут поощрять наркозависимость, сами того не желая: тяжело смотреть на то, как родной человек мучается в ломке. Вот они и дают денег, чтобы «облегчить» страдания, а тем самым приближают его скорую смерть.

Поговорите с зависимым человеком и убедите начать лечение. Откажитесь от обвинений и криков — этим вы только усугубите ситуацию. Если же наркозависимый наотрез отказывается говорить об этом или признавать свою вину, оставьте разговор, а через время вернитесь к нему и повторите попытку. Важно успокоить больного, что лечение будет анонимным. Если он принимает вашу заботу и попечение, хочет измениться — самое время обратиться к консультанту и договориться о лечении в клинике.

Поторопитесь с лечением. Чем быстрее больной ляжет в клинику, тем больше вероятности, что он излечится полностью и даже избавится от последствий зависимости. На последней стадии очень сложно вернуть человека к прежней нормальной жизни и восстановить его здоровье.

**Г.КАЛИЯКБЕРОВА,**  
ГКП на ПХВ  
Ескельдинская ЦРБ

# ТАБИҒАТТЫ ҚЫЗЫЛ ЖАЛЫННАН ҚОРҒАЙЫҚ

Жаз мезгілі басталғаннан, жазғы демалыс немесе еңбек демалысын таза ауада өткізу үшін суға шомылып, табиғат аясына шығамыз. Табиғатта өрттің шығуына көбіне демалушылардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауына және оттың абайсызда тұтануы себеп болады.

Белгілі болғандай, әдетте өрт саны жазғы ыстық күндері ұлғаяды. Шаруа қожалықтарының иелері оларға іргелес жатқан аумақты 4 метрден кем емес қашықтықта жыртып, өрт шыққан жағдайда алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуын қадағалау, өрт қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаларды тағайындау және төтенше жағдайға дайын болуы қажет. Өкінішке орай, табиғатта демалатын кейбір адамдар өздерінің мінез-құлқымен табиғи байлықтарды жоғалту қауіпіне әкелуі мүмкін. Халық арасында “От - өшпес жау”деп бекер айтпайды. Табиғатта немесе таулы жерлерде достарымен, отбасымен және балаларымен бірге құрғақ шөптің өршуі мүмкін екендігін және табиғатта, далада және тауларда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет екенін еске түсіріңіз, бұл арқылы сіз орман мен даланы өрттің туындауынан қорғай аласыз. Жиналған құрғақ шөп пен қоқысты елді мекеннен тыс жерге шығарыңыз. Көптеген адамдар қоқыстар мен құрғақ шөпті тұрғын үйлерге, ғимараттарға жақын аулаларда бақылаусыз өртейді, бұл жиі өрттер пайда болуына әкеледі. Табиғатта жүріп, жүздеген ағаштармен қоса адамның да өмірін сақтап қалу үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін ұмытпаған жөн. Табиғат аясында өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтасаңыз, еліміздің бай табиғатының қорғалуына қосқан үлесіңіз деп есептейміз.

**Қ.ӘШІМОВ,**  
аудандық ТЖБ инженері



# БАЙЛЫҚ ТУРАЛЫ ХИКАЯ

Ертеде бір жігіт бай болуды армандапты. Ол бір данышпанға барып:

— Менің бай, дәулетті болғым келеді. Не кеңес бересіз? — дейді.

— *Байлықты не істейсің? Онан да ахиретте керек байлық берейін,* — дейді. Жігіт қоймайды. **Данышпан:**

— Қазір ғана бір бай дүние салып еді. Жұрт соған қабір қазып жатыр. Сол көрге бір сағат түсіп шықсаң, байдың бар байлығын саған алып берейін, — дейді. Жігіт қуанып кетіп, шартына келіседі. **Данышпан:**

— *Қорықпайсың ба?* — деп сұрайды. **Жігіт:**

— Ат басындай алтын берсең болды. Бір сағат емес, бір күн жатып шығамын, — дейді.

Данышпан жігітті қазылып жатқан көрге әкеледі. Оны лақатқа кіргізіп, аузын мықтап бекітеді. Сәлден кейін жігіттің шыңғырған даусы шығады. Жұрт қабірді ашқанда жігіт «ойбайлап» атып шығады. **Оны данышпан әзер тоқтатып:**

— Ей, не болды? — дейді. Жігіттің өңі қашып, түрі бозарып кеткен екен.

— *Алтыны да құрысын, байлығы да құрысын! Көрге көрген азабымды, тартқан машақатымды ауызбен айтып жеткізе алмаймын,* — дейді.

— Не көрдің? — дейді данышпан.

— *Көрге түскенім сол еді, жаным көзіме көрінді. Қаптаған құрт-құмырсқа, жәндік атаулы жабылып, тәнiмдi шаға бастады. Кенет көктен бір Қарыш атты жылан атылып келіп, кеудемді қонды. Айыр тілін шығарып, шақпақ болды. Бұрын жолда келе жатып, жол шетінде отырған қайыршыға бір үзім нанды беріп едім. Сол нан Құдайдың құдіретімен пайда бола кетіп, жыланға қалқан болды. Қарыш нанға бата алмай, кетіп қалды,* — дейді кемсеңдеп. **Данышпан:**

— Енді не істеймін. Ат басындай алтын берейін бе, баюдың жолын көрсетейін бе? — деп сұрайды. Жігіт әлі есін жимаған күйі:

— *Маған тек қайырымдылық жасауды үйретіңіз, денім сау болса, малды өзім-ақ табам,* — депті.

# ТӨРТ ТҮЛІК ДЕРТНЕН САҚ БОЛАЙЫҚ

**Сібір жарасы - антропогенді ошақтығымен сипатталатын жіті жұқпалы, аса қауіпті, зоонозды ауру. Қоздырғышы жанасу механизмі арқылы берілетін, тері қабатының карбункул тәрізді зақымдалуымен, қызба және интоксикациямен, кейде сепсис дамуымен сипатталады. Жануарлардың көбінесе шөпқоректілердің ауруы болғанымен, белгілі жағдайларда адамды зақымдайды.**

Сібір жарасының қоздырғышы - Bacillus anthracis, грамм оң микробы, ірі қозғалмайтын капсула және спора түзетін бацилла. Қоздырғышы 1863 жылы ашылған. Бацилла сыртқы ортаның әсерінен - температура төмендегенде (26-30С), қоректену заттары азайғанда спора түзеді, яғни бұл қоздырғышты сыртқы қоршаған орта факторларын сақтау үшін.

**Споралар өте тұрақты:**  
Суда 10 жыл сақталады;  
Споралар сыртқы ортада - 12-43°С және 29-85% ылғалдылықта, нейтральды ортада өсуге қабілетті;  
Табиғат аясында сібір жарасы резервуары болып топырақ табылады, топырақтың түріне байланысты споралар ұзақ уақыт (100 жылға дейін) сақталады;  
Споралар 140С құрғақ ыстықта 1-3 сағатта өледі;  
Залалсыздандыру заттары әсеріне споралар сезімтал;  
Автоклавта 110С, 40 мин кейін өледі;  
Сібір жарасына барлық ауылшаруашылық малы сезімтал, ірі және ұсақ мүйізді мал, жылқы, түйе, оларда өте жеңіл түрде өтеді, оның 95% өліммен аяқталады.

**Ауылшаруашылық малдарда сібір жарасының жұғу жолдары:**  
Алиментарлық - жайылымда шөппен бірге топырақ жегенде (құрғақшылықта) және сумен;  
Трансмиссивтік — жәндіктер шаққанда ( слепни, жигалки) қан арқылы.

**Қазақстанда адамдардың сібір жарасын ауруының жұқпа көздері:**  
ірі мүйізді мал — 40-42%  
ұсақ мүйізді мал — 39-45%



жылқы — 8-14%  
шошқа — 5-8%  
жануарлардың басқа түрлері — 1-5%.  
Жұғу жолдары:  
Қатынас арқылы —немесе тікелей (сібір жарасымен ауырған малды сою, бөлшектеу, оларды күту, ауру малдың өнімдерімен жанасу);  
Трансмиссивтік (жәндіктердің тістеуі кезінде - слепни, жигалки);  
Алиментарлы (жеткілікті өңделмеген етті пайдалану);  
Аэрогенді ( қоздырғышты шаңмен жұту).  
Жұғу факторлары:  
Мал өнімдері — ет, тері, жүн, сүйек;  
Ірі қан соратын жәндіктер (слепни, жигалки);  
Сирек жағдайда - қи, топырақ су;  
Зертханалық жұғу жолы кездеседі;  
Сібір жарасы спораларын диверсиялық (террорлық) жолда пайдалану мүмкін.

**Сібір жарасы қоздырғышының организмге енуі:**  
микротравмалар, қолдағы жаралар арқылы -72%;  
бас - 2%;  
дене арқылы - 6%;  
аяқтар арқылы - 12%;  
басқалары - 8%.  
Сібір жарасының алдын алу және эпидемияға

қарсы атқарылатын шаралары:  
**Сібір жарасына қарсы жоспарлы вакцинацияны медициналық ұйымдар халықтың мынадай контингентіне жүргізеді:**  
1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы және ветеринария саласындағы мемлекеттік органдар ведомстволарының аумақтық органдары мен ұйымдарының, ЖАО ветеринариялық бөлімшелерінің, сондай-ақ күйдіргі қоздырғышының сынамаларын алуды, оның болуына зерттеу жүргізетін зертханалардың мамандары;  
2) ет өнімдерін өңдейтін кәсіпорындардың, сою пункттерінің, сою алаңдарының және ішкі сауда объектілерінің жұмыскерлері;  
3) СҚП аумағынан жануарларды союмен, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты жинау, сақтау, тасымалдау және бастапқы өңдеумен айналысатын адамдар.  
Инфекцияның алдын алу жолдары:  
Жануарларға күтім жасау кезінде жеке бас гигиена ережелерін сақтаңыз;  
Жұқтыру қаупі бар адамдар вакцинациядан өтуі керек;  
Шығу тегі белгісіз мал өнімдерін сатып алмаңыз.

**Д.БЕКТЕНОВ,**  
аудандық СЭББ жетекші мамань

Ахмет Байтұрсынұлы:

ОРЫНБОР.

13-НҰШ ОҚТИАБР

Қазақ турасындағы заңдарды өзгертуге Ішкі іс министрі Г.думаға закон проекттерін (жобаларын) кіргізді деген хабар естіліп тұр. Ішкі ордальдық туралы өзгеріліс болатын көшесін газеталардан көрінген күйінше төменде жазып жазып отырмыз. Қазақтың басқа облыстары туралы қандай өзгеріліс болуынан қазір де ашылған қабар жоқ. Бірақ 4-нші думадан қазақ туралы закон шыға қалса, жағымды қандай болуын күн бұрын айтуға сәуегейлік онша керек емес. Бұл думаға кіретін проекттер – қазақ облыстарында қызмет етіп тұрған орыс төрелерінің пікіріне сүйеніп жасалаған проекттер. Олардың көбі қазақтың қалпын, салтын, мінезін жақсы білмейді.



Тілші, реформатор, аудармашы, педагог. Адалдық, адамгершілік кем екенін білмегендіктен, қате істеген. Әуелі, би мен болыс екеуі жеңген жақтан болмасқа шара көздемеген. Екінші, би жолдан шығып бара жатса, жолың мынау деп қайыратың еш орын белгілемеген. Үшінші, билердің қолына жыл жарымдық абақты кесерлік күш берген. Жыл жарым абақтыда отыру оңай іс емес, жөн-жосықты білмей, жолсыз көшетін билердің қолына ондай нәрселерді беру – зор қате. Тиісі қазақтың қағидасын жиып, қағида бойынша билерге іс еттіру еді, оны істеуге болмаса, билердің қуатын көбейту емес, азайту керек еді. Билерге қағида бойынша күмік етсін дейді, қағида бойынша істеген, істемегенін ашатын ешбір орын жоқ.

Билердің салған күмік қағида бойынша дұрыс, бұрысын ашатын орын керектігі түсінікті болу үшін степное положениеің бастапқы шыққан кезінде Торғай уезінде болған бір уақиғаны айтып өтейін. Тосын болосының қазағы Байғабыл Тауман баласы Шұбалаң болосының қазағы Жаманбай Ақбай баласының үстінен арыз берген: Ақбай баласының қызын Ерғабыл деген ініме айттырып, тоғыз түйе қалың мал беріп едім. Айттырған қыз алмай тұрып өліп қалды, кейінгі қызын бермейді деп.

Ол арыз Шұбалаң болосының сиезінде 1893 жылы 15-нші мартта қаралған, жауапкер Ақбай баласы сиезге келмеген. Билер сыртынан былайша билік айтқан: «Ақбай баласы Тауман баласының інісіне өлген қызының орнына тірі қызын берсін. Олай етпесе нәм қалың мал алғанымын жоқ деп тапса, екі елулік елдің адамынан Таумановтың қалаған адамының жанын өткізсін, өйтпесе Таумановке 270 сом тұрарлық жарамды 9 түйе төлесін, қарындас болған халда 135 сомдық мал төлесін. 27 сом билік, 4 сом ат майы, 2 сом қалам ақы», – деген.

Ақбай баласы бұл билікке риза болмай, губернатрыға арыз берген. Арызда айтқаны: «Қалың малға Тауман баласынан алғаным 9 түйе емес, 6 жылқы еді, қызым өліп қалды, алған мал 1879-шы жылғы жаман қоянда жұттан қырылып қалды. Кіші қызымды аламын десе, қазақ қағидасы бойынша балдыз қалың төлеп алуға тиіс, қызым өлгені 12 жыл болды, онан бері үндемей жүріп, быыл сөз шығарып отырғаны, өткен 1892 жылғы қоянда 7 жылқысын асырап шыққаным Тауман баласы 50 сом бермекші еді, соны бермеске салып отырған бұл бай-балам дауы», – деген.

Областное положение қарағаннан кейін арызына қайырылған жауап: «Қазақтың қағидасын біз білмейміз, қандай уақиғаға қазақтың қай қағидасын алып, қалай мағына беріп, үкімі салу билердің ықтиярына берілген», – деген.

Билердің салған күмікінің дұрыс-терісін тексеріп, лағып шыққандарын жолға салуға белгіленген орын болмаса, об-ластной мекемелер қазақ қағидаларын білмесе, билердің бәрі періштеден болу керек, олай болмаса, билер бетімен жайылмай, кім жайылар? Солай болған соң, ақын Әбубәкірдің айтқаны келеді: «Ақша жеп, арамдардан көкім қойдың,

КІТАП ОҚУДЫҢ ЛӘЗЗАТЫ

«Кітап ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына» деген екен түркі жұртының ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи. Осы сынды кітап туралы бірнеше құнды пікірлерді біз барлығымыз жақсы білеміз. Расында қай ғасырда да кітаптың алатын орны бөлек. Кітап кемелденуге көмектеседі. Қаншама технология шықса да, бұлардың бәрі кітапты алмастыра алмасы анық.

Оқыған адамның күні қашан да жарық. Кітап оқу – бұл тек бос уақытты қызықты өткізу ғана емес. Сонымен қатар, тұлға болып қалыптасуға орасан зор көмегі тиетін өте пайдалы іс. Адамдар барлық жинақтаған білімін жаңа ұрпаққа кітап арқылы таратады. Олар әр адамның өміріне енген заңдылық десе болады.

Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін-өзі тануға көмектеседі, оны оқу арқылы өткен тарихыңды, болашағыңды біле аласың. Есте сақтау қабілетін және логикалық ойлауды дамытады. Яғни, көп оқыған адамның жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады. Оқығаныңды іштей талдасаң, адам психологиясын жетік түсіне бастайсың. Көңіл-күйің болма-

Арайлым ДАДАНБЕКОВА, Тұран университетінің 3-курс студенті

ВНИМАНИЕ ҚҰРМЕТТІ ҚАРАБҰЛАҚ ТҰРҒЫНДАРЫ!

2022 жылғы 20-21 маусымда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Қарабұлақ аулында ауыз суды хлорлау жұмыстары жүргізіледі. Барлық тұрғындардан сұишер алдында суды қайнатуды сұрамыз

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ С.КАРАБУЛАК ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

20-21 июня 2022 года, с 9.00 до 18.00 в селе Карабулак на главном водозаборе будет проводится хлорирование питьевой воды. Всем жителям перед употреблением питьевой воды просьба кипятить воду.

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Әскери қызмет әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңының 39-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен 2022 жылға Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау ұйымдастырылуда Сондай-ақ, шет мемлекеттердің әскери оқу орындарына қыз балалар және әскери қызметшілердің әйелдер қауымы қабылдануда

- 1.С.М.Киров атындағы Әскери-медициналық академиясы (Санкт-Петербург)
2.Ереван мемлекеттік медицина университеті (әскери-медицина факультеті)
Ниет білдірушілерге:Ескелді және Көксу аудандарының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі 1-ші қабат,14-кабинетінен толық ақпарат алуға болады.Анықтама телефондары: 8(72836) 3-82-26.

Р.БИТИКБАЕВ, Ескелді және Көксу аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлім бастығы

Законның асыл түбі, әуелі, күкімет пен халық арасына салатын, екінші күкіметке қараған адамдардың араларына салатын жол. Әр халықтың бұрыннан жүріп келе жатқан дағдылы жолы бар, ол жолда түзеткенде жарамды жеріне тиімей, жарамсыз жерін ғана өзгерту тиіс. Олай етпесе, соныдан ойып салған жолмен жұрттың көбі жүрмей, бұрынғы дағдылы жолымен кете береді. Әсіресе, көзі ашылып, көңіліне сәуле түспеген қараңғы қалық болса, ондай жаңадан салған жат жолмен жүру оған тым қиын, сондықтан заңның түп үлгісі бір болғанмен, әркімнің бойына қарай киім пішкен сыйақты, әр қалықтың қалпына, салтына, мінезіне қарай заң шығарылады. Солай болған соң да, заң шығарушылар қалықтың қағидалы қалпын, салтын, мінезін жақсы білу тиіс. Оны білмей шығарған заң қалықтың түзелуіне емес, бұзылуына себеп болмақшы.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жаханмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ. Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г күәлігі берілген. Регистратсионное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй. Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31-үй. Осы шығарылымның таралымы 3050 Тираж 3050 Тапсырыс 1061 Көлемі 2 баспа табақ. Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.